

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 58 (9635) 1955 жылғы 23 март Сәрсенбі

Шығуына 35 жыл.  
жеке саны 20 тыйым.

## Картоп пен овощь егуге әзірлік жедел аяқталсын

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысында таяудағы екі-үш жылдың ішінде картоп және овощь өндірісін, қалалар мен өнеркәсіп орталықтары халқының, өңдеуші өнеркәсіптің қажеті ғана емес, оның үстіне мал шаруашылығының картоп жөніндегі қажетін толық қанағаттандырады деген мөлшерге жеткізу міндеті алға қойылды.

Картоп пен овощь егудің көлемі ұлғайтылуына байланысты бұл жұмыстың негізінен механика күшімен жүргізілуіне де жағдай туғызылуда. Облысымыз өткен жылдан бастап бұл дақылдарды ең прогресшіл тәсіл—шаршылап және шаршы-ұялап отырғызды. Сонымен бірге оларды баптау, жыйнау жұмыстары түгел механикаландырылды. Мұның өзі өнімнің артуына мүмкіншілік берді. Мысалы, Петропавл ауданы, Сталин атындағы колхозда шаршы-ұялы әдіс бойынша отырғызылған 170 гектар картоп алаңының әр гектарынан 100-110 центнер өнім, «Луч Ленина» колхозында 80 гектар алаңнан 120-130 центнер өнім, ал Петропавл совхозында әр гектардан 200 центнер өнім алынды. Өткен жылы облыста тұңғыш рет картоп жыйнау жұмысы арнаулы комбайнмен жүргізілді.

Картоп пен овощь отырғызу жұмыстарына Полудень ауданының Сталин атындағы, Булаев ауданының «Гигант» колхоздарында ерекше көңіл бөлінді. Сталин атындағы колхозда овощь өсіруші М. Ахрименко картоптың әр гектарынан 275 центнер, помидордан 200 центнер өнім алды және помидор тұқымын суықта шынықтыру арқылы оның әдеттегіден 20 күн ерте пісуіне жетісті. Осының нәтижесінде колхоз тек овощь өсіруден ғана жүздеген мың сом табыс алды. Ал «Гигант» колхозында овощь өсіруден алынған табыс екі жүз мың сом болды.

Бұл келтірілген мысалдардың бәрі біздің облыс жағдайында картоп пен овощьтан мол өнім алуға болатындығын және бұл табысқа жетудің қайнар көздерінің бірі екенін мейлінше анықтады. Сондықтан үстіміздегі жылы бұл дақылдардың көлемі әлдеқайда ұлғайтылғалы отыр.

өте-мөте төзгісіз жағдайда. Октябрь ауданы колхоздарында дайындалған картоп тұқымы жоспардың 10 процентіне де жетпейді. Мұнда 10 мың центнердей картоп тұқымынан дайындалғаны 600 центнер ғана. Солай бола тұрса да, МТС, аудан басшылары колхозшылардан картоп тұқымын сатып алуды ұйымдастырмай отыр.

Колхоздарда овощь тұқымын дайындау ісі де ойдарыдай емес. Рас, бірқатар аудандарда «сортсөмөвоощьтың» тұқым сататын дүкендері жұмыс істейді. Дегенмен, колхоздардың тұқым сатып алуы өте баяу. Ал оның үстіне Пришпін, Кониюхов, Соколов аудандарында овощь тұқымын сату ісі мүлдем ұйымдастырылмаған. Ал тағы бір қиын жағдай «сортсөмөвоощьтың» қауіпсіз тұқымын жеткіліксіз дайындауда болып отыр. Сондықтан аудандың алғашқы күнінен колхоздар «сортсөмөвоощь» дүкендерінен қауіпсіз тұқымын таба алмады. Міне, бұл — колхоз басшыларының овощь тұқымын әзірлеуде ерекше ойланатын жағдай.

Картоп және овощь өндірісін арттыруда механика күші шешуші роль атқарады. Картоп отырғызу жұмысы негізінен «СКГ — 4» машинасымен жүргізілуіне тиіс. Облыста үстіміздегі жылы картоп өсірілісін көлемі 6 мың гектарға жеткізілгені отыр. Ал картоп отырғызатын 21 ғана арнаулы машина бар. Бұл мүлдем жеткіліксіз. Сондықтан МТС басшылары «БОН—2,8» аспапты культиватор немесе «КУТС—2,8 Б» культиваторы картопты шаршы-ұялы әдіспен отырғызу ісіне көзделген жабықтауды ұйымдастырулары қажет еді. Бірақ әлі күнге бұл жұмысты бірде-бір МТС-тің басшылары ескермей келеді.

Картоптан мол өнім алуға қамтамасыз ететін агротехникалық шаралардың барлығын қалтқысыз жүзеге асыруды ұйымдастыру — егін шаруашылығы мамандарының ең қадірлі міндеті. Осындай өзат әдістердің бірі — картоп тұқымын яровизациялау. Картоп тұқымын яровизациялау арқылы оның әрбір гектарынан өнімді әдеттегіден 25—30 центнер арттыруға



### ЖЫЛ ТӘУЛІК БОЙЫНА ЖАС ОВОЩЬПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕМІЗ

Біздің колхозымыз қала маңындағы өңірге орналасқан. Колхоздың овощь өндіруді арттыруына барлық мүмкіншіліктері бар. Шаруашылықтың маңызды бұл саласымен біз тиісінше көңіл қойып, шұғылданбай келдік. Соның өзінде де өткен жылы овощь шаруашылығынан 245 мың сом табыс алдық.

Колхозшылар быйыл картоп, овощь, бақша дақылдарының егіс көлемін 150 гектар ұлғайтуды ұйғарды. Овощь өсіретін екі бригада құрылып, адамдармен толықтырылды. Оларға жер учасқтары, ауылшаруашылық құрал-саймандары беріліп берілді. Овощь өсірушілер қазіргі уақытта егіс даласына тыңайтқыштар тасуда, тұқымды егіске әзірлеп жағыр. 220 рама парникке овощь егілді. Бұларда қыяр мен тез пісетін қауынның көшеттері өсіріледі. Жалпы көлемі 175 шаршыметр екі теплица салынды. Оның бірінде біз пияз, шалғам, қыяр өсіре бастадық. Әрбір теплицадан кемінде 70 мың сом табыс алынады деп есептеудеміз.


Қала еңбекшілерін жыл тәулік бойына овощьпен қамтамасыз ету үшін біз тағы да бір теплица салуды ұйғардық, оның пайдалы жалпы көлемі кемінде 1 гектар болады, оны жылыту үшін былғары заводының жылу қалдықтарын пайдаланалады. Трубалар сатып алынды, ағаш және басқа құрылыс материалдары дайындалды. Теплица быйылғы жылғы көктемде салынып бітуге тиіс.

**Өмірзақ МАҚАМБЕТОВ,**  
Қызылорда облысы, Сырдария ауданының «Комсомол» колхозының председателі.

**Жаңадан**  
қоныстанушыларға арналған құрастырмалы үйлер  
**ӨСКЕМЕН.** (ҚазТАГ). Алтайдың тау ормандарында ағаш дайындау жұмысы. Лениногордың құ...

СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА. (1-бет).  
**М. Мейірбеков.** — Мал шаруашылығының өнімділігін үздіксіз арттыра береміз. (1-бет).  
**ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ:** **М. Мусин.** — Партиялық-саяси жұмыстың бағыналы. **Ж. Ыбраев.** — Коммунистердің оқуын жақсарта береміз. (2-бет).  
**И. Ануфриев.** — Ет-консерві тағамдарын мол және сапалы өндіру жүресінде. (2-бет).  
Маркс пен Энгельстің материализмге және коммунизмге келу жолы (2-3-беттер).

ЕГІС ЖҰМЫСТАРЫНА ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ӨЗІРЛЕНЕЙІК.  
**Б. Жақыпов.** — Жайбарақат басшылар. **В. Зиновьев.** — Ертеңін ойламайтындар. **И. Өскенбаев.** — Көктем алдында. **З. Қалиев.** — Қызу әзірлік (3-бет).  
**Р. Калиберда.** — Оқушылардың көктемгі қанықуы. (3-бет).  
**М. Әлиев, Қ. Нығыметов.** — Студенттер практикасы (3-бет).  
**Е. Мырзахметов.** — Қызықты концерт (4-бет). Шетелдерде (4-бет).



Бұқтарма су электр станциясының құрылысында қосқыштардың құрылысы қызу қарқынмен жүргізілуде. Бұл жұмысқа ондаған қуатты механизмдер қатыстырылуда.  
**СУРЕТТЕ:** қосқыштың жоғары бөлшектерін орнатып жатқан кез. (ҚазТАГ-тің фотохроникасы).

### ЖҮГЕРІНІ АҢЫЗҒА ЕГУ

**КИРОВСКОЕ** (Талдықорған облысы). (ҚазТАГ). Талдықорғанның С. М. Киров атындағы қант комбинатының қызылша совхозы быйыл жүз гектар аңызға жүгері егуді жоспарлады. Бұл шаруашылықтың тәжірибесі жүгеріні бұлай егудің өте тиімді екенін дәлелдеп отыр.  
Совхоз жүгеріні арпа жыйналғаннан кейін босаған учасқтардағы аңызға егеді. Егін жыйналғаннан кейін учасқ суарылады, бұдан соң жыртқылып, егін егіледі. Жүгері тез өсіп шығып, сентябрьдің бас кезінде-ақ әр гектарынан 200 центнерге дейін көк шөп береді.

### ЖАҢА КАДРЛАР

**СЕМЕЙ.** (ҚазТАГ). Облыстың МТС-терінде жұмыс істеуге 100 жігіттер мен қыздар келді. Олардың май күйеші-есепшілік мамандары бар. Бұлардың ішінде комсомолмен Нина Стояновская, Антонина Осенкова, Иван Фалсев, Татьяна Филина және басқалары келді. Олардың бәрі жуырда ғана Ульяновск қаласының өнеркәсіп орындары мен мекемелерінде жұмыс істеген еді. Олар Мақаншы, Үржар, Аягез, Жарма, Ново-Покров және басқа аудандардың МТС-теріне тұрақты жұмыс істеуге жіберілді.  
Туысқан республикалардың өкілдері Семей, Шар, Жаңғызтөбе, Аягез станцияларына күн сайын келіп жатыр. Молдаван ССР-нен келген 200 механизаторды

### СЕЛО КОММУНИСТЕРІНІҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

**ӨСКЕМЕН.** (ҚазТАГ). Шығыс Қазақстанның село коммунистері СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қарарларын жүзеге асыру жолындағы күресті өрістеді. Коммунистер дәнді дақылдардың шығымдылығын және малдың өнімділігін арттырудың резервтерін ашуда.

Киров ауданы, Гуйбышев атындағы колхоздың партия ұйымы қорамдық өндірістің ең маңызды учасқтарын нығайтты. Товарлы сүт фермалары мен егіс бригадаларында партия топтары құрылды. Коммунистердің ұсынысы бойынша тұрақты құрылыс бригадасы ұйымдастырылды. Құрылысшылар быйыл екі сыйыр қорасын, бұзау қора, шошқа қорасын салады. Кәзір бригада жергілікті құрылыс материалдарын дайындап жатыр.

Верхуба ауданы, Калинин атындағы ауылшаруашылық артелінің партия ұйымы бір топ коммунистер мен комсомолдерді мал фермаларына жұмысқа жіберді. Аз ғана уақыттың ішінде фермада малдарды күту жақсарды және сыйырлардан сауылатын сүттің мөлшері артты.

Киров ауданы, Ленин атындағы колхоздың коммунистері жүгері егісінің көлемін бес есе ұлғайтуды ұсынды. Колхоз кәзір 25 центнер жүгері тұқымын сатып алды, сол сыяқты тұқымды шаршы-ұялап себетін сеялқалар әзірленген.

**Көмір**  
өндіру тәулігіне 100 тонна артты  
**ҚАРАҒАНДЫ.** (ҚазТАГ). Кеше бассейндегі ең ірі Жданов атындағы шахтаның кірме жолдарынан жылдың басынан бері жоспардан тыс өндірілген көмірдің алтыншы эшелоны жөнелтілді.

өткен жылдан екі есе, оның біржарым есе артады. Осыған байланысты бұларды отырғызатын, өңдейтін, жыйнайтын машиналар саны да молая түседі. Алдымыздағы көктемде ғана облыс даласында 21 арнаулы картоп отырғызғыш жұмыс істейді. Ал өткен жылы олар небары төртеу-ақ болатын.

Картоп және оның өндірісін ұлғайтудың табысты болуы, бірінші кезекте, көктемге дайындыққа байланысты. Осыны жете түсінген бірқатар колхоздар картоп және оның тұқымдарын әзірлеу, көшеттер отырғызатын шымтезек-шірінді құмыралар жасау жұмыстарын ұқыпты ұйымдастырды. Мысалы, Петропавл ауданының Калинин атындағы, Полудень ауданының «Путь Ильича», Буденный атындағы, Булаев ауданының «Гигант» колхоздарында қажетті оның тұқымдары толық әзірленген. Калинин атындағы колхозда көшет өсіруге арналған шымтезек-шірінді құмыралар жасау жұмысы негізінен аяқталды. «Путь Ильича» колхозында қажетті картоп тұқымдарын дайындау жұмысы мұқият жүргізілуде. Мұнда жетпейтін тұқымды колхозшылардан сатып алу ісі ұйымдастырылған. Көзір мұнда колхозшылардан 100 центнер картоп тұқымы сатып алынған.

Бұл барлық колхоздарда да жүргізілуге тиіс. Өйткені облыста картоп тұқымы жеткілікті мөлшерде дайындалған бірдебір колхоз жоқ. Облыс бойынша бүгінге дейін картоп тұқымын әзірлеу шекарасы 35 процент ғана орындалып отыр.

Картоп тұқымын дайындау ісі, әсіресе Октябрь, Ленин және Совет аудандарында

датуға жағдай туады. Ама! не, картоп егудегі мұндай озат әдістер көптеген агрономдардан қолдау таппай келеді.

Осы уақытқа дейін картоп пен оның дақылдарын егетін алаңды тандап алу ісіне де жеткілікті мән берілмей, құмдау, өзен алқаптары сыяқты қолайлы жер бола тұрса да, картопты саздақ жерге отырғызуға жол берілуде. Бұл біріншіден, өнімнің аз болуына себепкер болса, екіншіден, картопты механика қуатымен жыйнауға да мүмкіндік бермей, жердегі жасайды. Сондықтан картоп пен оның егуде мұндай қате практикалардың алдағы көктемде қайталануына жол берілмеуі керек.

Астық және мал шаруашылығы өнімдері молшылығын жасау жолындағы күресте басты резерв — картоп және оның өсіру ісін өткізуде аталған көмшіліктерді дереу жою үшін колхоз, МТС және аудан басшылары, тұқымның, әсіресе картоп тұқымның жеткілікті әзірленуін қамтамасыз етуі керек. Ол үшін кейбір колхоздарда басталғандай тұқымды колхозшылардан сатып алу жұмыстарын кең ұйымдастыру қажет. Картоп пен оныңтан мол өнім алу — оны егуге тыңғылықты әзірлік жасау: аудандастырылған сортты тұқым дайындау, озат агротехникалық шараларды кеңінен қолдану, жұмыс адамдарын босан күнілері таныстыру, дақылды отырғызатын, өңдейтін, жыйнайтын машиналарды жөндеу, көшеттер отырғызатын шымтезек-шірінді құмыраларды жеткілікті әзірлеу екенін ұмытуға болмайды.

### „Ауыл шаруашылығын жоспарлау практикасын өзгерту туралы“ қаулы текстінің жеке кітапша етіліп басылуы

Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы СОБП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің 1955 жылы 9 мартта қабылдаған «Ауыл шаруашылығын жоспарлау практикасын өзгерту туралы» қау-

лысының текстінің жеке кітапша етіп басып шығарды.

Кітапша көп тиражбен басылды.

(СОТА).

### Жүгері колхоз егістіктеріне кеңінен таратылсын КОЛХОЗШЫ ГОРБУНОВТЫҢ БУДАН ЖҮГЕРІСІ

МОЛОТОВ, 17 март. (СОТА). Күедін ауданының «Красный Октябрь» колхозының мүшесі Г. Горбунов жүгері өсірумен он жылдан аса шұғылданып келеді.

Ол бұл дақыл күннің қысқа кезінде жақсы өсетін өсімдіктер қатарына жататындығын ескеріп, жүгеріге қолдан көлеңке жасап, күннің жарық болатын уақытын 12 сағатқа дейін кемітті. Мұның өзінде жүгері бір ай бұрын гүлдеді, сөйтіп, суық түскенге дейін оның сабақтары көкшағаданып пісуге жуықтады. Тәжірибеші бұдан кейінгі жылдарда жүгеріні 3

участке өсірді, олардағы күннің жарық болатын уақытының ұзақтығы әртүрлі болды. Жасалған тәжірибелер қызықты нәтижелер көрсетті. Жүгері күннің әдеттегі ұзақтығы жағдайында сентябрьде гүлдеді, ал пісіп үлгермеді, күннің ұзақтығы 12 сағат болғанда ол 35 күн бұрын гүлдеді.

Ерте піскен және дәні жақсы жүгерінің сабақтары іріктеліп алынды. Жаңашыл Ленинградтың ауылшаруашылық институты өсіріп шығарған жүгері тұқымын алып, «Северная», «Кустанайская» жүгерісінің бұданын жасады.

данын өсіріп, бұданың орман дачасында ағаш дайындай бастады. Алғашқы бес мың текшеметр ағаш дайындалды. Бұқтарма СЭС-інің құрылысшылары Зырян тауларында ағаш кесуде. Бұл ағаш көктемде өзен арқылы құрылыс алаңына жеткізіледі.

Орман шаруашылықтарының коллективтері тың жерлерге жаңадан қоныстанушыларға арнап құрастырмалы үйлер жасауды ерістетуде. Черневин шаруашылығының қызметкерлері колхоздарға арнап үйлерге қоса бірқатар құрастырмалы мал қоралар жасап беруге кірісті. Зырян ауданының Сталин атындағы ауыл шаруашылық артелине көздің өсінде бір типтік бұзауқора жасап берілді. Уба орман шаруашылығында тұрғын үй мен өндірістік үйлер салуға арналған ағаш материалдар мен ағаш бөлшектер өндіретін мастерской салынып жатыр.

Запорожский орман шаруашылығы республикамыздың қалалық және селсұлық құрылыс министрлігінің жаңа құрылыстарына арнап ағаш дайындайтын болады.

сымша азықтандыру сауылатын сүт мөлшерінің артуына пайдасын тигізеді. Өткен жылы тәулігіне сауылатын сүт мөлшері 1-2 килограмм артты, мұның өзінде сүттің майлылығы 0,1 проценттей дерлік көтерілді.

### ЖЕЛ ҚУАТЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН „ДДК—4“ НАСОС ҚОНДЫРҒЫЛАРЫ

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Қазақ ССР Жергілікті және отын өнеркәсіп министрлігінің Семейдегі механикалық заводы қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде республика колхоздарына зор көмек көрсетіп келеді. Завод өткен жылдан бері жел қуатымен жұмыс істейтін «ДДК—4» насос қондырғыларын колхоздарға беріп келеді; бұл насостар жайылымдағы мал шаруашылық учаскектерінде кеңінен қолданылуда. Көше завод Ақтөбе, Қарағанды, Гурьев және Батыс Қазақстан облыстарына өнімнің көзекті бір тобын — 64 желнасос агрегаттарын жөнелтті. Та-

сәулеткер жылы жүзеге келген. Украинадан, Белоруссиядан, Армениядан, Азербайжаннан, Россия Федерациясынан жас энтузиастар келді. Олар түгелінен дерлік тракторшының, комбайншының, шофердің, тіркеушінің, май құюшы-есепшінің мамандығын меңгерген.

ғы 50 қондырғы жөнелтуде әзірленіп қойылды.

Кәсіпорынның коллективі тоқсандық жоспарды мерзімінен бұрын орындау үшін күресуде. Механикалық цехта токарь Семен Бригунның инициативасы бойынша станокшылар бөлшектерді шапшаң әдіспен жонуға көшті. Олар көзір сменасына екі-екіжарым нормадан орындап жүр. Бөлшектерді қалыптауда және тораптарды құрастыруда қалыпшы Афанасий Трофименко, слесарьлар Андрей Бекмұхамедов пен Василий Соколов үздік шықты.

## Мал шаруашылығының өнімділігін үздіксіз арттыра береміз

Біздің совхоздың коллективі Коммунистік партияның Орталық Комитетінің январь Пленумы қаулысын мұлтқисіз жүзеге асыруды негізге ала отырып, мал шаруашылығын өркендетуді жоспарлады. Бұл жоспар бойынша совхозымызда 1960 жылы 1954 жылғымен салыстырғанда ет өндіру кемінде 1,8 есе, сүт — 2,8 есе, жүн — 2,2 есе, жұмыртқа — 4 есе арттырылатын болады.

Бұл, әрине, оңай жұмыс емес. Совхоз коллективі өзінің алдына қойып отырған осындай зор міндетті аброймен жүзеге асырудың шараларын белгілеуде. Мұнда біз, әсіресе мал үшін жемшөп базасын нығайтуды негізге алып отырмыз. Өйткені, мал санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыра беруде жемшөптің зор роль атқаратынын совхоз коллективі өздерінің көпжылдық практикалық жұмыстарынан айқын көріп отыр.

Өткен жылы совхозда небары 317 гектар сүрленетін дақылдар, оның ішінде 74 гектар жүгері егілді. Соның өзінде жүгеріден өнім өте-өте аз алынды. Сондай-ақ малазығындық дәнді дақылдар да жеткілікті мөлшерде дайындалмады. Сондықтан фермадағы мал негізінен табиғи шөппен азықтандырылды. Ал мұндай жағдайда мал шаруашылығының өнімділігін, әсіресе сыйырдың сүттілігін арттыруда жоғары көрсеткіштерге жету қиын болатыны кімге де болса мәлім.

Мұндай кемшіліктерді болдырмау үшін біз алдағы көктемде сүрленетін дақылдар

егісінің көлемін кемінде 1200 гектарға жеткізуді жоспарлап отырмыз. Мұның 800 гектары жүгері. Жүгері егісі түгелінен шаршы-ұялы әдіспен жүргізіледі. Сол сыяқты мал азығындық тамыржемістер мен картоп егісінің көлемі 220 гектарға жеткізіледі. Жаз айларында малды табиғи жайылымдықтарға және көкшөп көңвейері үшін қолдан егілген егістіктерге жаюды қатаң тәртіпке келтіреміз. Міне, мұның барлығы да үстеміздегі жылы мал шаруашылығының өнімдерін бұрынғыдан едәуір арттыра түсуімізге мүмкіншілік жасайтын болады.

Коллектив мал шаруашылығы үшін жемшөп қорын жақсартуды жыл сайын дамыта бермек. Осы арқылы 1960 жылға дейін мал басын өсіру және оның өнімділігін арттыру жөніндегі жоспардың мұлтқисіз орындалуын қамтамасыз етпек.

Көзір совхозымызда 700 сауын сыйыр бар. 1960 жылы бұл көрсеткіш 1200 басқа жеткізіледі. Сонымен бірге әрбір сыйырдан орта есеппен совхоз бойынша 4000 килограмнан сүт алынатын болады. Сөйтіп бұл жылы совхоздағы әрбір 100 гектар егістік, шалғындық және жайылымдық жерге шаққанда 289 центнер сүт өндіріледі.

Шөпке фермасының табысты болуы үшін қажетті шараларды мұлтқисіз жүзеге асыра отырып, 1960 жылы совхозда 2200 шошқа өсірілуін қамтамасыз етеміз. Мұның өзі 1960 жылы мемлекетке 3780 центнер шошқа етін және 2384

центнер басқа малдың етін тапсыруымызға жағдай туғызады. Басқаша айтқанда, шошқаның совхоздағы жалпы ет өндірісіндегі үлес салмағын анағұрлым арттыру қамтамасыз етіледі.

Жемшөп қорын жыл сайын нығайта отырып, 1960 жылы совхозда 67 мың центнер шөп, 44 мың центнер концентрат, 18 мың центнер тамыржемісті жемшөп, 158 мың центнер сүразық және 11500 центнер картоп дайындайтын боламыз.

Мал басының көбеюі совхозда бірқатар жаңа құрылыстар салуды керек етеді. Сондықтан да біз таяудағы 5—6 жылдың ішінде стандартты 6 сыйыр қора, 6 шошқа қора, 2 бұзау үйі салуды жоспарладық. 1960 жылы барлық фермаларда еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруды негізінен аяқтаймыз.

Бұл жұмыстарды толығымен жүзеге асыру үшін көзірден бастап іске барлық күшті жұмылдыру қажет. Міне сондықтан да совхоз коллективі көзір мал қыстату, көктемгі егіске әзірлік жұмыстарымен қатар мал үшін жаңа қоралар салуға әзірлікті де ұйымшылдықпен жүргізіп келеді. Үстеміздегі қыста жаңа құрылыс үшін едәуір қамыс және басқа да құрылыс материалдары дайындалды.

Үстеміздегі қыста сыйырлардың сүттілігін арттыру өткен жылдардағымен салыстырғанда едәуір жақсарғаны байқалып отыр. Мәселен, 1954 жылдың 1 октябрінен 1955 жылдың 15 мартына дейін совхоз бойынша орта есеппен алғанда әрбір сыйырдан 913 килограмм сүт сауылды. Ал, совхоздың озат сауыншылары П. Ашкетова, А. Новикова жол-

Озат коллективі өсімінің мерзімінен бұрын орындау жолында жарыса отырып, өндірістің жаңа резервтерін іске қосуда. Екі лавада көмір қопаруда «Донбасс» қос комбайндары қолданылады. Комбайншылар Лиценко және Ким жолдастар осы агрегаттың бір айдағы жұмыс өнімділігін 15 мың тоннаға дейін жеткізді. Инженер Кертаявтың, механик Квасовтың, учаске бастығы Лукиновтың инициативасы бойынша көмірдің қалың қабаттарын қопарудың системасы жетілдірілді. Мұнда көмірдің ортанғы қабатын сатылап үздіксіз қопару жұмысына көшу бассейнде бірінші рет жүзеге асырылды. Бұл шара тәулігіне орта есеппен өндірілетін көмірді жүз тонна арттырады және тіреу ағаштарының жұмсалуды азайтып, өндірілген әрбір тонна отынның өзіндік құнын екі сом кемітті. Көзір шахта тұтынушыларға етінды өткен жылдың мартындағыға қарағанда күн сайын орта есеппен 218 тонна артық жібе, реді.

дастар осы 5,5 ай ішінде өздеріне бекітіліп берілген сыйырлардың әрқайсысынан 1000 килограмнан астам сүт алды. Олар жыл аяғына дейін әрбір сыйырдан кемінде 4000 килограмм сүт алу үшін күресуде.

Қыс айларында сыйырлардың сүттілігін арттырудағы мұндай көрсеткіштерге ие болуымыздың сыры неде? Әрине, бізде жемшөп қоры бйыл өткен жылдыңтылардан жақсы деп айта алмаймыз. Бірақ мал өсірушілер қолда бар жемшөпті сауын сыйырларға норма бойынша беруді, күн сайын малға берілетін азықтың барынша әртүрлі болуын қадағалап отырды. Малды қолда-қорада күту кезінде жұмысты екімезгілдік тәртіппен жүргізуді практикада кеңінен қолданды. Сауын сыйырларды азықтандыру, суару және сауу жөнінде зоотехникалық ережелерді қалтқысыз жүзеге асырып отырды. Міне, тек осының өзінде ғана совхоздың мал өсірушілері қыста сыйырдың сүттілігін едәуір арттыруға жетісті. Ал, егер біз мал шаруашылығы үшін жемшөп базасын нығайту жөніндегі белгілеп отырған шараларымызды толық жүзеге асырсақ, онда мал басын көбейту, оның өнімділігін арттыру жөніндегі нысанаға жетуіміз сөзсіз. Міне, сондықтан да біз мал шаруашылығын өркендету жөніндегі жоспарды қалтқысыз орындау жолында жана-май еңбек ету арқылы, шаруашылықтың бұл саласының өнімділігін үздіксіз арттыра береміз.

М. МЕЙРБЕКОВ,

Тоңшын совхозының директоры.

# П А Р Т И Я Т У Р М Ы С Ы

## ПАРТИЯЛЫҚ-САЯСИ ЖҰМЫСТЫҢ ЫҚПАЛЫ

Тимирязев атындағы МТС-тің қызметкерлері социалистік жарыстың туын жоғары ұстай отырып, тракторларды жөндеу жұмысын мерзімінен бұрын 1 мартта аяқтады. Кәзір олар тіркеу саймандарын жөндеуді аяқтап, комбайндар мен шөп шабатын машиналарды жөндеу жұмыстарын қызу жүргізуде. Станция коллективінің жөндеу жұмысында мұндай табыстарға ие болуына механиктерлар арасындағы партиялық-саяси жұмыстың ықпалы зор болды.

Аудандық партия комитетінің станция аймағы жөніндегі топ қызметкерлері мен бастауыш партия ұйымы партиялық-саяси жұмыстың мазмұнын социалистік жарысты кеңінен өрістетуді, еңбек тәртібін нығайту мәселелеріне арнады. Жөндеу жұмысының барысында кездескен қиыншылықтар мен кемшіліктерді жою, механиктерлардың белсенділігін арттыру шаралары белгіленіп отырылды.

Мәселен, жөндеу жұмысының алғашқы кезінде механиктерлар жұмысқа дұрыс орналаспайды. Кейбір жөндеушілер жұмыс орнының тарлығынан және құрал-жабдықтардың жеткіліксіз болуы себепті өнімді еңбек ете алмады. Осыны еске алып, партия ұйымы мен МТС дирекциясы трактор жөндеуде механиктерлардың санын кемітіп, артық адамдарды тіркеу саймандарын жөндеу ісіне қосты. Мұның өзі әрбір торапта механиктерлардың өнімді еңбек етуіне мүмкіндік берді. Мәселен, ноябрь айының бірінші онкүндігіне қарағанда, екінші онкүндікте жұмыс қарқыны екі есеге жуық артты.

Механиктерлардың социалистік жарысын ұйымдастыру мәселесіне көп назар аударылды. Алғашқы кезде партия ұйымы социалистік жарыста міндеттеме қабылдаумен қанағаттанып, оның орындалуын тексеру ісіне жете мән бермеді. Көрсеткіш тақталары мен жауапкерлік листоктарда өндіріс озаттарының тәжірибелерінің насихатталуы, жұмыстары кемшіліктердің сыналуды жеткіліксіз болды. Январь айында шақырылған партия жыйналысында міне бұл және басқа кемшіліктер батыл сынға алынды. Механик Аршин және Соколов жолдастар өздерінің сөзінде еңбек ұйымдастыру ісінде орын алып отырған кемшіліктердің бетін ашып, бұл жөнінде бағалы ұсыныстар жасады. Сонымен қатар, жыйналыста механиктерлар үшін өткізілген әңгімелердің мазмұны көбінесе жетістіктер жөнінде болып, онда жөндеушілердің жұмысында кездескен кемшіліктердің батыл ашыламайтыны сөз болды.

Партия жыйналысында белгіленген шараларды жүзеге асыру ұйымдастырылды.

Жөндеу мастерскойындағы басшы қызметкерлерге, әсіресе бас инженер Гейрмен бригадирлерге таза күшейтілді. Жөндеу жұмыстары жөнінде механиктерларға тапсырмалар күнібұрын берілетін болды. Партия ұйымы үгітшілермен кездес өткізіп, онда саяси үгітті мазмұнды ұйымдастыру жөнінде мәселе қойды. Партия ұйымының секретары Терехов жолдас саяси жұмысты СОБП Орталық Комитеті январь Пленумының талабына сәйкес ұйымдастыру жөнінде баяндама жасады. Үгітшілер Быков, Осипов, Лыричков жолдастар өздерінің жұмыстары жөнінде тәжірибе ауысты.

Сөйтіп үгітшілердің жұмысына қатаң бақылау қойылды. Жөндеу мастерскойында және басқа жұмыс участоктерінде өткізілетін әңгімелерде тыңдаушылардың алдында тұрған міндеттерді орындауда кездескен кемшіліктер көп сөз болды. Мәселен, үгітші Быков жолдас СОБП Орталық Комитетінің январь Пленумы қаулысы жөнінде өткізілген бір әңгімесінде жұмыс нормаларын 120-170 процент орындап жүрген токарь Михаил Тимченко, темір ұстасы Петр Мягких жолдастардың еңбекте ие болған табыстарын айтумен бірге бірқатар жөндеушілердің социалистік міндеттемелерін орындауда кейін қалып отырғаны жөнінде нақтылы мысалдар келтірді. Үгітшінің әңгімесіне жөндеушілер де белсене қатысып, бағалы ұсыныстар жасады. Әңгіменің соңынан еңбек өнімділігін арттыру мәселесіне арналған жауапкерлік листоктың кезекті номері шығарылды. Осыдан кейін мастерскойда еңбек өнімділігінің біраз артқаны байқалды.

Партия ұйымының инициативасы бойынша жөндеу мастерскойында қызыл мүйіз ұйымдастырылып, онда радиоқабылдағыш орнатылды. Үгітшілердің әңгімелері, саяси баяндамалар осында өткізіліп, жөндеушілер түскі үзіліс кезінде радио хабарларын тыңдайтын болды. Рас, радио хабарларын тыңдауды ұйымдастыруда алғашқы кезде біраз кемшіліктер болды.

Үгітшілер жөндеу мастерскойында бүгін кім алда деген тақырыпта бюллетеньдер шығарып тұрды. Онда бұрын алда келе жатып, соңғы күні жұмыс қарқынын баулатып алған жөндеушілер көрсетілді, артта қалғандардың алдыңғылардың қатарына жетуі баяндалды.

Механиктерлар арасында үгітшілердің әңгімелері мен көрнекі үгіттің басқа түрлері сыяқты сатиралық листоктар да шығаруды практикаға енгіздік. Жұырда мынандай бір жағдай болды: кейбір жөн-

деушілер демалыс күні қонаққа барып бас ауырғандарын, немесе жеке жұмыстарын орындағанын сылтауратып дүйсенбі күні жұмысқа кеш шықты. Осы мәселеге арналып сатиралық листовка шығаруға тура келді. Комсомолец Шитовцев жолдас жұмысқа кеш келген төрт механиктердың листовкаға суретін салды. Әрбір суреттің астына еңбек тәртібін бұрмалаған адамдар жөнінде сықақ әңгімелер жазылды. Бұл листовканың әсері сонша болды механиктерлар ол жөнінде күні бүгінге дейін әңгіме етеді, бұл листовкаға жазылып қалмайық дегенді айтты.


Жөндеу мастерскойында газет витриналары, ұрандар мен плакаттар ілінген. Партия ұйымы саяси-бұқаралық жұмыстың мазмұнын әрбір бес күн сайын қорытып, алда тұрған міндеттер жөнінде шаралар белгілейді. Механиктерлар арасында станцияда ұйымдастырылған лекторий мүшелерінің күшімен саяси тақырыптарда баяндамалар жасалады, ғылым мен техниканың жаңалықтары, халықаралық жағдай туралы лекциялар оқылады. Сонымен қатар, партия ұйымы механиктерлардың мамандықтарын жетілдіру мәселесіне әрқашан назар аударып келеді. Бұл жөнінде мынандай мысал келтіруге болады.

СОБП Орталық Комитетінің январь Пленумының қарары бойынша өгін жыйнау жұмыстары 10-12 күнде аяқталуға тиіс. Қалған уақытта комбайншылар не істеу керек? Осы мәселеге партия ұйымы назар аударып, комбайншылардың бірнеше мамандықты игеруі жөнінде қажетті шара қолданды. Комбайншылардың тракторшы, шөп шабатын кеңалымды машинаның техникасын үйрену жөнінде оқу ұйымдастырылды. Кәзір көптеген механиктерлар бірнеше мамандықты игерді. Мәселен, комбайншы Уховатов жолдас кәзір токарь болып істейді. Ол көктемгі егіс кезінде, трактор бригадасының бригадирі болмақ. Ал шөп шабу кезінде кеңалымды шөп машинасының машинисі болады. Сөйтіп ол жыл бойы үзіліссіз жұмыс істейді. Басқа комбайншылардың да жұмысты жыл бойы істеуі жөнінде шаралар белгіленді.

Біз механиктерларды саяси тәрбиелеу жұмысын оған әрі жақсарту отырып механиктерлардың ауылшаруашылық өндірісін өркендетуде жаңа табыстарға жетісуін қамтамасыз етеміз.

М. МУСИН,

Приешім аудандық партия комитетінің Тимирязев МТС-і аймағындағы секретары.



Башқұрт АССР. Уфада ДОСААФ-тың әуестенушілерінің телевизорлық орталығының құрылысы аяқталып келеді. Ол Уфа және Черниковск қалаларының тұрғындарын, жақын жердегі 5 ауданның колхозшыларын қамтытын болады.

СУРЕТТЕ: радио ісімен әуестенуші инженер В. П. Фридман (сол жақта) және электр технигі П. П. Акатьев Уфа телевизор орталығы передатчигінің жұмысына байқау жасап тұр.

(СОТА-ның фотохроникасы).

### Сыйырдың өнімділігі арпуда

Полудень ауданының Ленин атындағы колхозы өткен 1954 жылы 50 гектар алаңға жүгері еккен еді. Оның 40 гектары суразық үшін егілді. Бұдан 600 тонна көкше алынды.

Кәзір сауын сыйырларға күн сайын жемшөптен басқа 20 килограмм суразық беріледі. Мұның өзі сыйырдың қунарлығын арттыра түсуде. Өткен жылы колхозда орта есеппен әрбір сауын сыйырдан 1600 литрдің орнына, 1900 литр сүт алынды.

Былғы көлхоз 70 гектар жүгері егуді жоспарлап отыр. Оның 50 гектары көкше үшін, 20 гектары дәл үшін егіледі.

3. КАМАЛОВ.

### Ылғал үшін күрес

Сартмар МТС-нің қамтуындағы колхоздарда егіс алаңдарына қар тоқтату қызу қарқымен жүргізілуде. Колхоздарда 15 мың гектардың орнына 15500 гектар егістік алаңға қар тоқтатылды. Кәзір бұл жерлерге екінші рет қар тоқтатылуда.

Ш. Халықов жолдасын трактор брига-

## Ет-консерві тағамдарын мол және сапалы өндіру күресінде

Өткен жылдың ноябрь айында астана-мыздың алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының коллективтері бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шығуға патриоттық бастама көтерген болатын. Бұл бастаманы А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинатының барлық коллективі зор өндірістік өрлеу үстінде қарсы алып, ет тағамдарын көп және сапалы өндіруге бағытталған көтеріңкі міндеттемелер алды. Осы мақсатпен бірсыпыра ұйымдық-техникалық жұмыстар жүзеге асырылды. Отандық жаңа техника мен озат технологияны тиімді пайдаланып өндірісті комплексті механикаландыру, соның ішінде аралық және көмекші процестерді механикаландыру әдісін қажырлылықпен енгізу, өндірісті және жұмысшылардың еңбегін жақсы ұйымдастыру, социалистік жарысты мейлінше өрістетуді нәтижесінде комбинат коллективі озат үлгі көрсетті. Осының бәрі кәсіпорнының алдына қойылған мемлекеттік тапсырманы мерзімінде орындап шығуға, еңбек өнімділігін едәуір арттырып, өндіріс алаңдары мен жабдықтарды неғұрлым жақсы пайдалануға, шығарылатын өнімнің сапасын жақсартуға түсіп, өзіндік құнын көп кемітуге мүмкіндік туғызды.

Комбинат жүйесіндегі консерв зауытының барлық жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері өздерінің қажырлы еңбектері арқасында жалпы өнім шығарудың жылдық жоспарын өткен жылдың декабрінің бірінші жартысында 110,9 процент орындап шықты. Коллектив мүшелері өнімнің барлық ассортименті бойынша мол өндірілуін, материалдар мен шикізатты үнемдеп отыру әдістерін де кеңінен қолданды. Міне, осы шаралардың өзінен завод үнемделген материалдар мен шикізаттар есебінен мемлекетке 650 мың сомдық дайын өнім шығарып берді.

Консерв жасаушы бригадалар мен цехтардың және сменалардың арасындағы кең көлемде өрістетілген социалистік жарыстың қорытындысы шығарылды. Онда литограф цехының коллективі еңбек өнімділігін 120,5 процент, қаңлытыр-сауыт цехы 112 процент, стерилизация цехы 106 процент, шикізат бөлімі 105 процент, ет бориалау цехы 102 процентке дейін арттырғаны анықталды. Консерв зауытының мұндай жарысқа қатынасқан адамдары барлық коллективтің 97 проценттен астамы болып шықты.

Коллектив мүшелерінің техниканы жете меңгеріп, оның күшін сарқа пайдалануы нәтижесінде өнімнің өзіндік құны едәуір кемітіліп, оның сапасы арта түсті. Мәселен, 1953 жылы жалпы өнімнің

қолмен жағылып келсе, Лозенко жолдас консерв сауыттарына вазелинді станок күшімен жағуды ойлап тапты. Осының өзінен завод 65800 сом қаржы үнемдеді.

Коммунистік партиямыздың Орталық Комитетінің январь Пленумы елімізде таяудағы жылдардың ішінде мал шаруашылығын өркендетуді, халықтың тамақ өніміне, өнеркәсіптің шикізатқа деген өскелең талаптарын қанағаттандыруды қамтамасыз етуді ауылшаруашылық қызметкерлерінің алдына басты міндеттердің бірі етіп қойды. Осындай күрделі, әрі жауапты міндеттерді аброймен орындап шығу үшін ет тағамдарын өндіретін біздің завод коллективінің алдына да күрделі міндеттер қойылып, олардың жұмысқа деген жауапкершілігі бұрынғыдан арта түсіп отыр.

Коллектив мүшелері үстеміздегі жылда өндіріс алаңынан өнімді көп алу үшін бірсыпыра ұйымдық-техникалық шараларды жүзеге асыруды жоспарлап, іске кірісті. Ет бөлшектеу цехының машина бөлімінде жаңадан техника жабдықтары орнатылады. Сол сыяқты, бұрын қолмен жұмысталап, еңбекті көп қерек ететін күрделі жұмыстардың бірі — сауыттарға паштет қолмен толтырылып келгенді еді. Жақын арада паштеттерді сауыттарға шприц арқылы толтыру жүзеге асырылмақ. Мұның өзі өндіріс мәдениетін арттырумен бірге бірнеше адамдарды басқа жұмыстарға ауыстыруға және еңбек өнімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Завод шығарған дайын өнімдерді әуестегуге әзірлейтін цехта, шығарылған өнімге етикетка кілейлеу жұмысы да қолмен жүргізіліп келеді. Ал бұл жұмыстарға 25-30 шақты адам керек болып жүр. Осы жылда бұл жұмыстарды да машина күшімен атқаратын боламыз. Ол машинада небары 5-6 адам жұмыс істеп, барлық өнімді әуестегуге дайын етіп шығаратын болады.

1955 жылда консерв зауытының бір өзінде жаңадан 9 агрегат орнатылады.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі және жергілікті Советтердің сайлауы қарсаңындағы социалистік жарысқа завод коллективі түгел дерлік қатысты. Ет бориалау цехының мамандары Азмухаметов жолдас мереке алдындағы алған міндеттемесін 180 процент, Минакова жолдас 150 процент, Осодченко жолдас 160 процентке орындады, еңбекшілер депутаттарының қалалық Советіне депутат болып сайланған Бегунова жолдас алған міндеттемесін 209 процентке дейін асыра орындап шықты. Ал дайын өнімді буып-түйіп әуестегудегі еңбек озаттары Сапарғалиева, Нелюбина және Казарезова жолдастар да еңбекшілер озат үлгісін көрсетті.

## Коммунистердің оқуын жақсарту береміз

Біздің ұйымның есебінде 15 коммунист бар. Оқу жылының басында коммунистерді партия оқуы жүйесіне орналастыру жұмысына кіріскенімізде біраз айтыс- тартыстар да болып жүрді. Кейбір жалпы білім дәрежесі төмен коммунистер еріктілік принципіне түсінбегендіктен, өздігінен оқуды қалап алғанды тәуір көрді. Оларға жеке-жеке әңгімелесу үстінде, өздерінің мүмкіншіліктерін ескере отырып, Уставта көрсетілген міндетті орындаудың қолайлы жолдарын көрсетіп бердік. Соның нәтижесінде 5 коммунист жалпы білім дәрежелерін көтеру саласында жұмыс істейтін болып орналастырылды.

Ал коммунистердің басым көпшілігі үйірмеде оқуды қалады. Өйткені олар өткен оқу жылында СОКП тарихын үйрену

жөніндегі үйірменің (негізгі типті) алғашқы жылының программасын ойдағыдай аяқтаған болатын.

Сонымен, колхоз коммунистері көзір СОКП тарихын үйрену жөніндегі үйірмеде екінші жыл бір насихатшының жетекшілігімен оқып жүр. Партия оқуының барысы, жайы коммунистердің назарынан тыс қалып көрген емес. Үйірме тыңдаушылары да сабаққа ынталана қатысып, теориялық білімдерін арттыруға белсене ұмтылып келеді. Бұл арада насихатшымыз Толочко жолдастың еңбегін айтпаққа болмайды.

Біздегі коммунистердің біразы үгітшілер болып саналады. Олар сайлау науқаны тұсында да айтарлықтай жұмыс жүргізді. Әресе, мал фермаларында К. Толочко, Е. Голикова жолдастар үгітші жұмыс

істеді. Олардың көзіргі жұмысы да нәтижелі болып жүр. СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының тарихи қарарлары үгітшілердің әдістерінде жан-жақты түсіндірілуде.

Үгітші коммунистердің өздері айтқандай, олардың үйірмеде алған білімдері үгіт- бұқаралық жұмыс жүргізуде көп көмектесіп жүр. Сондықтан да партия оқуын жақсарту беру, сөйтіп селодағы партиялық- саяси жұмыстың кеңінен өрістетілуіне жетісу біздің партия ұйымының басты міндеттерінің бірі болып отыр.

Ж. ЫБРАЕВ,

Совет ауданы, «Совет» колхозы бастауыш партия ұйымының секретары.

колхозында жұмыс істейді. Бригада емеңгерлік нормасын үнемі асыра орындайды. Сондай-ақ «Красное поле» колхозында жұмыс істейтін Анохин, «Новый быт» колхозында жұмыс істейтін Джененко жолдастардың трактор бригадалары да күн сайын жүздеген гектар алаңға қайта-қайта қар тоқтатуда.

М. МУЛКОВ.

## 2 мың гектар жүгері егеді

Суворов атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздар сурлем үшін және көкшөп конвейері үшін жүгері егісін егуге қызу әзірленуде. Колхоздарда жүгері егісін өсіретін, оны күтетін арнаулы звенолар құрылуда. МТС қамтуындағы колхоздар алдағы көктемде шаршы-ұялы әдіспен 2 мың гектар жерге жүгері егеді.

орын алды. Маркс Пруссияның абсолюттік құрылысын революционерге біткен бағындырып және ерлікпен мінеп, жер-тартиа, реакцияшыл бюрократияның озбырлығына қарсы, мемлекеттің шіркеуге тәуелсіздігіне қарсы ашулы үн көтерді. Ол Пруссиядағы күні озған тәртіптерді ақтауға қызмет еткен реакцияшыл идеологияны әшкереледі.

«Рейн газетінде» Маркс қалың халық бұқарасының экономикалық мүдделерінде қорғады. Рейннің алтыншы ландтағындағы орман ағаштарын ұрлау туралы заң бойынша айтысқа талдау жасау, сол сияқты Мозель бойы өлкесіндегі шарап қайнатушы шаруалардың хал-жайын зерттеу нәтижесінде Маркс: реакциялық Пруссияның үкіметі мен ландтақтағы ардақты, дәулетті сословиелердің мүдделерін қорғайды, оның ішінде, орман ағаштарын ұрлау туралы заңда орман иелері дворяндардың мүдделерін қорғайды деген қорытындыға келді.

Германиядағы еңбекшілер бұқарасының саяси өміріне және жағдайына осылай талдау жасау негізінде Маркс мемлекетке идеалистік көзқарастан материалистік көзқараста кеше бастайды. Нақ осы мақалаларда Маркстің коммунизмге көшуі байқалады. Энгельстің айтуынша, Маркс кейіннен оған өзін экономикалық қатынастарды зерттеу арқылы таза саясаттан социализмге өтуге нақ осы ормандағы ағашты ұрлау туралы заңды және Мозель шаруаларының хал-жайын зерттеу ұмтылдырғанын талай айтқан.

Германиядағы еңбекшілер бұқарасының хал-жайы ғана емес, шетелдерде болған оқиғалар да — ағылшын және француз жұмысшыларының күресі — Маркстің экономикалық мәселелерге және ол кезде Англия мен Францияда шыққан социалистік әдебиетке назарын аударды. Социалист-утопистерден өзгеше Маркс коммунизм туралы мәселені — пролетариаттың практикалық күресінің түбірлі мәселесі

өткен жылы 99,84 процентке жетті. Өнімде кететін ақау 25 процентке дейін кемітілді.

Өткен жылы заводта 27 жаңалық ұсынысы, ұйымдық-техникалық шаралар жүзеге асырылды. Мұның көпшілігі еңбек өнімділігін арттыруға, өнім сапасын жақсартып, өзіндік құнын кемітуге және өндірістің тар участоктеріндегі жұмыстарды механика күшімен игеруге бағытталған. Мәселен, қаңылыт-сауыт цехының механигі Акимов жолдас рулон қаңылыттырларын қыатын машина жасап, өндіріске пайдалануға берді. Бұл жаңалықты іске қосудан заводқа 57900 сом пайда түсті. Сол сияқты, слесарь С. Лозенко жолдастың жаңашыл ұсынысы да өндірісті өркендетуге келеді үлес қосты. Бұрын консерв сауыттарына вазелин

Халықтың көп қажет ететін ет-консерві тағамдарын мол және сапалы өндіру жолындағы күресте қол жеткен табыстар комбинаттың партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының коллективі мүшелері арасында бұқаралық-саяси жұмысты жақсы жүргізе білгендігін, социалистік жарысты кең көлемде өрістеткендігін айқын дәлелдейді. Алайда, бұл қол жеткен табыс консерв жасаушыларды масаттандырмайды, оларды тоқмейлістпейді. Завод коллективі бұдан былайғы күндерде де жоғары сапалы өнімді көп және сапалы шығарып, оның өзіндік құнын мейлінше көптеп кеміте беру жолында қажырлы күрес жүргізетін болады.

И. АНУФРИЕВ,

Петропавлдың А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинаты консерв заводының директоры.

# Маркс пен Энгельстің материализмге және коммунизмге келу жолы

Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің қаулысы бойынша шығарылатын К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының екінші басылуының бірінші томы жарыққа шықты. Бұл томды баспаға Маркс — Энгельс — Ленин — Сталин институты даярлады.

Екінші басылуына бірінші басылуында жарияланбаған бірқатар шығармалар енгізілді. К. Маркс пен Ф. Энгельстің ерте кездегі кейбір еңбектері бұл басылуына енгізілген жоқ, олар жеке жыйнақ болып басылады. Маркс пен Энгельстің шығармалары тексеріліп түзетілген аударма бойынша беріледі.

Бірінші томға К. Маркс пен Ф. Энгельстің революциялық-материалистік дүниеге көзқарасының қалыптасу процесін көрсететін шығармалар енгізілді. Бұл шығармалар К. Маркс пен Ф. Энгельстің творчестволық ынтасының басталуына дейін жазылған; олардың қатарында Маркстің 1842—1844 жылдардағы, Энгельстің 1839—1844 жылдардағы еңбектері бар. Бұл еңбектер Маркс пен Энгельстің —эрқайсысының өз жолымен— материализмнен материализмге және революциялық демократизмнен коммунизмге қалай келгені туралы айқын түсінік береді.

1.

К. Маркс пен Ф. Энгельстің ерте кездегі шығармалары жазылған дәуірдегі тарихи жағдайда Батыс Еуропа елдерінде тап күресі қатты шиеленіскен еді. Оның ішінде көп елдерде феодализмнің қалдықтары әлі жойылмаған еді және буржуазиялық революцияның міндеттері әлі шешілмеген еді. Мұнымен бірге буржуазиялық қоғамның қайшылықтары барған

## К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының бірінші томының басылып шығуына

★

сайын күшті жөріне бастаған еді. Капитализмнің дамуымен қатар, барлық жерде шаруалар, қаладағы ұсақ буржуазия күйзеліп, жаңа тап — өнеркәсіптік пролетариат қалыптасуда болды. Ион көтерілістерінде, Англиядағы чартистердің қозғалысында, Германиядағы Силезия көтерілісінде өздерінің талаптарын алғаш рет білдірген жұмысшы табы капиталистік қанауға қарсы күреске шыға бастады.

Революция қарсаңындағы бұл дәуірде, пролетариат тарихи майданға шыққан кезде, жартылай феодадық, бытыраңқы Германияда буржуазиялық революцияның толғағы пісе бастаған кезде, жұмысшы табының идеология ретіндегі Маркс пен Энгельстің көзқарастары белгіленіп орнығуда болды.

Маркс пен Энгельстің дүниеге көзқарасы ең алдымен өздерінен бұрынғы ғылымның жыйнағаны менгеру жолымен қалыптасты. Алайда олар ескі догмалар мен ақиқаттарды беталды қайталамай, өздеріне дейінгі ойшылдардың еңбектерінің бәрін сын көзімен тексерді, өмірдің өзі, пролетариаттың және барлық еңбекшілер бұқарасының тап күресі алға қойған сұрақтарға жаңа жауаптар іздеді — Маркс пен Энгельстің қызметінің сыйнасты әуелден-ақ міне осындай болды.

Саяси күрес майданына шыққаннан бастап К. Маркс пен Ф. Энгельс өз бойында езілген бұқараны азат ету жолындағы жалынды, жанқияр күрескерлер мен ғылымда жаңа жолдарды батыл ашу-

шы революцияшы ойшылдардың тамаша қасиеттерін ұштастырып отырды. Олар өз заманындағы идеялық күрес пен саяси оқиғаларға белсенді қатысты, қоғамдық дамудың барысында алға қойылған, мейлінше пісуі жеткен, көкейіңесті мәселелерге қызу үн қосып отырды.

Революцияға дейінгі Германияда алдыңғы қатарлы қоғамдық күштерді толқытқан негізгі мәселелердің бірі баспасөздің жағдайы туралы мәселе болды. Маркстің алғашқы публицистикалық шығармасы — «Ең жаңа пруссиялық цензуралық нұсқау туралы заметкалар» және «Рейн газетінде» жарияланған оның біріншісі мақалалары осы пісуі жеткен мәселеге арнады. «Баспасөз және халық» — бұл шығармаларда Маркс қарастырған проблеманы осылайша ашықаша тұжырымдауға болады.

Автор реакцияшыл пруссиялық цензураны өткір тілмен батыл сынады. Оның сөздерімен айтқанда, Пруссия ондаған жылдар бойына осы цензураның рақымымен рухани азық шығармай және тұтынбай тіршілік етті. Маркс дәрменсіз, жалған реакциялық баспасөзді мейлінше өткір мінеп, халықтық баспасөзді, «халықпен бірге өмір сүріп, оның үміті мен қорқынышына, оның махаббаты мен өшпенділігіне, оның қуанышы мен қайғысына адалдықпен ортақтасатын» (166-бет) баспасөзді оған қарсы қойды. Ол баспасөзді — халықтың мәдениетінің, ақыл-ойының, дамуының, оның саяси тәрбиесінің қуатты құралы деп таныды.

Маркстің «Рейн газетіндегі» мақалаларында Германияның саяси өмірінің түбірлі мәселесі — біртұтас демократиялық мемлекет құру туралы мәселе өзекті

және терең зерттеп, барлық жағынан ғылыми дәлелдеуді керек ететін аса маңызды теориялық проблема деп таныды.

Маркстің «Рейн газетінде» қызмет еткен кезінде байқалған оның революциялық демократизмнен коммунизмге өтуі оның бүкіл дүниеге көзқарасындағы идеализмнен материализмге бетбұрымымен тығыз, біте қайнасқан байланыста болды. Гегельдік идеалистік философиялық материализм тұрғысынан сынаған Фейербахтың шығармалары бұл бетбұрыста Маркске күшті әсер етті. Фейербахтың философиясын жоғары бағалаумен бірге Маркс, тарих, қоғамдық қатынастар, саясат саласына таралмаған Фейербахтық материализмнің болымсыздығын және дәйексіздігін бірден байқады. Маркс, табиғатты ғана емес, қоғамдық өмірді де қамтытын сындарлы, дәйекті дүниеге материалистік көзқарасқа ұмтылды.

Маркстің Гегельдік право философиясын сынауға арналған кең қолжазба еңбегі оның материалистік дүниеге көзқарасы қалыптасуының маңызды белесі болды. Мемлекет және оның қоғамдық ролі туралы мәселенің, революцияшыл саяси қайраткер ретіндегі Маркс үшін тек теориялық емес, онымен бірге практикалық орасан зор маңызы болды.

Гегельдің мемлекетке және правоға көзқарастарын сынап отырып, Маркс мұнымен бірге Гегельдік идеалистік философияны, мұның ішінде оның диалектикасын да сынады. Ол Гегельдің диалектикасындағы бағалы, рационалды дөңді тиісінше бағалап, мұнымен бірге Гегельдік диалектиканың басты кемшілігін — оның идеалистік сыйпатын ашты. Ол Гегельдің ілімінде шын қатынастар төбесінен төңкеріліп қойылғанын көрсетті. Гегельдің диалектикасын түгелінен керексіздей тастаған Фейербахтан өзгеше Маркс бұл диалектиканы сын көзімен, материалистік тұрғыдан өңдеп қайта жасауға кірісті.

Гегельдік право философиясын сынау нәтижесінде Маркс келген негізгі қорытынды туралы кейіннен оның өзі былай деп жазды: «Менің зерттеулерім мені мынадай нәтижеге жеткізді: праволық қатынастарды, дәл сол сияқты мемлекеттің формаларын да, өздерінен өздері туған деп те, адамзат рухының жамы дамуы дейтіннен туған деп те түсінуге болмайды, қайта олар, XVIII ғасырдағы ағылшындар мен француздардың үлгісімен Гегель жыйынтығын «азаматтық қоғам» деп атайтын материалдық тіршілік қатынастарынан туады, азаматтық қоғамның анатомиясын саяси экономиядан іздеу қажет».

Маркс өзінің «Немістік-француздық жылма-жылдық жыйнақта» (1844 жылғы февраль) жарияланған шығармаларында материализм мен коммунизмге біржолата көшті. А. Ругеде хаттарында Маркс ескі дүниені сынау жолымен жаңа дүниені табу міндетін алға қойды. Ол шындық өмірмен, бұқараның практикалық күресімен тығыз байланысты сынды, нақтылы, тыңғылықты, саяси, партиялық сынды жақтады.

Практикалық революциялық қызметке мұндай көзқарас Маркстің социалист-утопистерден ғана емес, оның үстіне бұрынғы философтардың бәрін, мұның ішінде оған дейінгі материалистердің бәрін те түбірлі өзгешелігін көрсетті.

Маркстің көзқарастарының дамуында оның Гегельдік право философиясына сынга кіріспесінің ерекше зор маңызы болды. Бұл еңбегінде Маркс: батыл және дәйекті революциялық күресті жүргізе алатын күш нақ пролетариат болып табылады деген қорытындыға келді. Ол пролетариатты — өзін азат ете отырып, бүкіл қоғамды да азат ететін тап деп таныды.

# Егіс жұмыстарына тыңғылықты әзірленейік

## Көктем алдында

Преснов ауданындағы Баян МТС-нің комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері А. Асадулаев жолдас өткен жылдың көктемінде трактор бригадасын басқарды. Ол басқарған трактор бригадасы «Баян» колхозында жұмыс істеді. Бригада мүшелері міндеттеме бойынша 1600 гектардың орнына 1760 гектар тың көтерді. Бригаданың озат тракторшысы Бошанов жолдас «ДТ—54» тракторымен жұмсақ жерге айналдырғанда 1751 гектар, осындай трактормен тракторшы Саменов — 1700 гектар, Нұрғалиев — 1600 гектар жер жұмыстады. Бригада бойынша мыңдаған килограмм жанармай үнемделді.

Көзір Асадулаев жолдас басқарған бригададағы механизаторлар өткен жылғы өндірістегі табыстарын баянды ете отырып, алдағы көктемде машина қуатын өнімді пайдалануды жақсарту мақсатын көздеп отыр. Осы мақсатқа жету үшін олар қыс бойы тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуге, колхоздың егістік далаларына қар тоқтатуға белсене қатысып келеді. «Баян» колхозында өткен жылы парға және зябке жыртылған 2200 гектар тың және тыңайған жерлерге механизаторлар қарды қалың тоқтатты. Көзір олар бұл жерлерге қар суын бөгеу жұмыстарына әзірленуде.

Көктемгі дала жұмыстарына әзірлікті колхозшылар да қызу жүргізуде. Олар қолда бар дөңді дақылдар тұқымын жоғары сапада тазартып, жақсы жабықталған қоймаларда сақтап отыр. Овощ дақылдарының көшеттерін өсіру үшін 10 мың дана шымтезек-шірінді құмыралар жасалды. Егістік жерлердің топырағын қосымша тыңайтуға қажетті жергілікті тыңайтқыштар жыйнау, егіс далаларына көң тасу жұмыстары да ұйымшылдықпен жүргізіліп келеді. Колхоз үстіміздегі жылы 150 гектар жүгері егеді. Көзір бұл егіске қажетті жүгері тұқымы колхоз қоймасына тасылуда. Жүгеріден мол өнім алуды қамтамасыз ету мақсатын көздеп, агрономдар колхозшыларға бұл дақылды егудің озат және істе сыналған әдістерін үйретуде.

И. ӨСКЕНБАЕВ.

## ҚЫЗУ ӘЗІРЛІК

Петропавл совхозының коллективі көктемгі дала жұмыстарына әзірлікті алғашқы күннен бастап ұйымшылдықпен жүргізді. Сөйтіп, олар тракторларды және ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді толық аяқтап шықты.

Жөндеушілердің өзара социалистік жарысында күндік және сменалық тапсырмаларын үнемі асыра орындайтын озаттар қатары үнемі өсіп отырды. Топар

## Ертеңін ойламайтындар

Колхозда өткен жылы егіннен өнімнің аз алынуына кінәлі ауа райының қолайсыздығы деп даурығысады «Аралғаш» колхозының председатели Құрманбаев пен колхоз агрономы Қожаев жолдастар. Олардың бұл пікірлерін Совет МТС-нің басшылары да қолдайды.

Бұл, әрине, мүлдем теріс пікір. Өйткені «Совет», «Көктерек», «Борьба за коммунизм» және Ленин атындағы колхоздардың жеріне жауған жаныр «Аралғаш» колхозының жеріне де жауды. Бірақ бастапқы колхоздарда әрбір гектардан жыйналған өнім мөлшері «Аралғаш» колхозындағыдан екі—үш есе артық болды.

Мұның себебі неде? Алдымен «Аралғаш» колхозының басшылары агротехникалық ережелерді өрескел бұрмалауға жол беруді әдетке айналдырып келеді. Ауыспалы егіс жүйесі жиі бұзылады. Өткен жылы егістік алаңдарға не жергілікті тыңайтқыш, не минералды тыңайтқыш енгізілмеді. Егістерге қар тоқтату жөніндегі жоспар да толық орындалмады. Жаздық дөңді дақылдар егісінің жартысынан көбіне шығымдық сапасы нашар тұқым себілді. Көктемгі егіс жұмыстары бір айға жуық уақытқа созылды. Әресе тың жерлерге тұқым өте кеш себілді. Осының бәрі егін шығымдылығының төмен болуына әкеліп соқтырды.

Колхоз басшылары өткен жылдың кемшіліктерінен бийлы да тиісті қорытынды шығарған жоқ. Мұны төменгі мысалдардан анық көруге болады.

Егіншілік агротехникасын Совет ауданының басқа да бірқатар колхоздары бұрмалауда. Өткен жылы егістікті терең жырту ісі ауданның үштен бір колхозында орындалмады, көктемгі егіс мерзімі ұзаққа созылды. Осылай бола тұрса да, бұл кемшіліктердің үстіміздегі көктемде де қайталану хауы бар. Олай дейтін басты себебіміз қажетті тұқым дайындалмаған. Колхоз және МТС басшылары ауыл шаруашылығы дақылдарынан жоғары өнім алуды қамтамасыз ететін шартты жағдай—тұқым дайындау ісіне әлі жеткілікті көңіл бөлмей келеді. Мұны Смирнов тұқым сынау лабораториясында болған тұқым тексеру жұмысы анық көрсетті. Тұқымның көпшілігі тазалығы жағынан себу сапасына жеткізілмеген. Барлық тазаланған бидай тұқымының 63 мың центнері шығымдылығы жағынан жарамсыз болды. Сондай-ақ сұлы, арпа, тары және басқа дақылдар тұқымы да дайын емес.

Мұндай жағдайдың болуы колхоз және МТС басшыларына ертеден-ақ белгілі еді. Өйткені көптеген колхоздарда жұмыс

6 мың центнер бидайдың өңгілігі төмендеген. Осы сияқты жағдайда «Победа», «Путь к коммунизму», «расный полтавец», «Новый быт» колхозында да кездесіп отыр.

Бірқатар колхоздарда тұқым айырбастау ісі де төзгісіз ұзаққа созылуда. Кондициялығы төмен тұқымдарды сәтті тұқымға айырбастау ісі әресе Апанселді атындағы және «12 лет Октябрю» колхоздарында өте жылдам жүргізілуде. Осы күнге дейін барлық тұқымның едінің бірі де айырбасталып болмаған. Колхоз председателдері Құсайынов, Лыса жолдастар тұқымды жер қарайып, жол құрғаған кезде тасып аламыз деген кәсіпшілерден шыға алмай жүр. Колхоз басшыларының мұндай қате пікірлері мен теріс түсініктерін Шағлы МТС-нің директоры Филиппов, бас агрономы Кабулова жолдастар біле тұра ымыраншылық жасап келеді.

Совет ауданы колхоздарында картоп және овощтарды мол егуге толық мүмкіншілік бар. Колхоздарда құнарлы жер, жергілікті тыңайтқыштар да жеткілікті. Бірақ бұл дақылдарды егу ісіне жеткілікті көңіл бөлінбей келеді. Әлі бірде-бір колхозда картоп тұқымы әзір емес және оны әзірлеу жөнінде ұйымдастыру жұмыстары да жүргізілмей отыр.

Бұл дақылдардан жоғары өнім алу ісінде шаршы-ұялап отырғызу әдісінің аса зор маңызы бар екені белгілі. Бұл шараларды іске асыру жөнінде де белгілі ерекшеліктер бар. МТС-те небары екі гектар «СШ—6» сеялкасы бар. Бұл мүлдем жеткіліксіз. Сондықтан астық сеялақтарын икемдеу ісін ойластырулары керек еді. Бірақ бұл жұмыс та аяқсыз қалуда.

—Біз, дейді Совет МТС-нің бас агрономы Борзаковский жолдас,—астық сеялақтарын жүгеріні себуге дала жұмыстары басталған кезде икемдейміз. Көзір бұл істі жүргізуге мүмкін емес.

Бұл пікір станция басшыларының айдамалы дақылдар отырғызу ісіне мүлдем немқетті көзқараста екенін айқын дәлелдейді.

Соңғы кездерде Совет және Сартомар МТС-терінде трактор жөндеу жұмысының қарқыны да мейлінше төмендеп жетті. Олардың жөндеу жұмысын 15 мартта аяқтаймыз, деп алған міндеттемелері қазір жүзінде ғана қалған уаде болды. Әлі күнге станция усадебаларында он-онекілеген тракторлар жөндеушілер тұр.

Көктем басталуға аз-ақ күн қалды. Совет ауданы колхоздарының іске дайындықсыз отыруы егіс жұмысын ұзаққа созу хауын тудыруда. Көктемгі егіс

## Жайбарақат басшылар

Чашаев атындағы колхозда (Полудень ауданы) дайындалған дөңді дақылдар тұқымының 1500 центнердей себуге жарамайды. Бұл колхоз басқармасына, оның председатели Ф. Шель жолдасқа ертеден-ақ мәлім. Жарамсыз тұқымды жақсы сортты тұқымға айырбастау үшін колхозда автотрактор, көлік күштері де бар. Айырбас жұмыстарын жүргізетін астық пункті де колхоз орталығынан небары 5—6 километр қашықтықта ғана.

Осы мүмкіншіліктерге қарамастан мұнда тұқым айырбастау жұмысы өз дәрежесінде ұйымдастырылмай отыр. Сондықтан жарамсыз тұқымды астық пунктіне жеткізу, пункттен сортты тұқым алу жұмыстарының барысы өте-өте қанағаттанғысыз. Тіпті тұқым айырбастауда тұрақты жұмыс істеушілер жоқ. Мұның өзі істің баяу жүргізілуіне негізгі себеп болып отыр.

Колхозда алдағы көктемде 81 гектар макар және судан шөбін, 56 гектар тамьянжөмістер, сүрлем үшін 116 гектар күбіяғы, 90 гектар жүгері егу жоспарланшып отыр. Міне, бұл дақылдардың бірде-бірінің тұқымы дайындалмаған. 500 гектар бидайық егісі үшін тұқымдық дөңді көршілес Сталин атындағы колхоздан тасып алу керек еді. Колхоз басшылары бұл жұмысты ұйымдастыруды ешбір себепсіз кешеуілдетуде.

Ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыруда егістік алаңдардың топырағын үстеп қоректендірудің маңызы зор. Мұны аталған колхоздың басшылары білмейді деуге болмайды. Дегенмен, неге екені белгісіз, олар жергілікті тыңайтқыштар әзірлеуді колхоздағы мүмкіншіліктер дәрежесіне сай жүргізуді қамтамасыз етпеді. Сол сияқты колхоз сатып алуға тиіс 375 центнер минералдық тыңайтқышты осы уақытқа дейін алмады.

Егіс кезіндегі негізгі жұмыстар техника күшімен атқарылатынына қарамастан, бұл жұмыстарға көлік күштерінің қатысы болады. Тракторлар үшін май, су тасу ісіне көлік күші пайдаланылады. Көлік—бригадалардың арасындағы колхоз бен МТС арасындағы тығыз байланыстылықты қамтамасыз етудің маңызы құралы. Сондықтан егіс жұмыстарының агротехникалық қысқа мерзімде, жоғары сапада өткізілуіне жетісуге көлік күшінің тигізетін пайдасы зор. Осыған қарамастан колхоз басшылары жұмыс өгідері мен аттардың қондылығын жақсарту шараларын белгілемеген. Қоңы төмен жұмыс малдарын құнарлы азықпен ерекше азықтандыру ұйымдастырылмаған. Сол сияқты егіншілер үшін тала

# Оқушылардың көктемгі каникулы

Мектептер оқу жылының 3 тоқсанын аяқтағалы отыр. Енді оқушылар ең жауапты кезек — 4 тоқсаның сабағына кірісіп, емтихан мен жазғы сынаға дайындала бастайды. Оқу жылының бұл тоқсаны оқушылардан бұрынғыдан да көбірек жұмыс істеуді, өз уақыттарының әрбір сағатын дұрыс пайдалана білуді талап етеді. Сондықтан оқушылардың көктемгі каникулын дұрыс ұйымдастырудың зор маңызы бар. Қалалық Пионерлер үйі қалалық оқу бөлімімен бірлесе отырып, қала оқушыларының көктемгі каникулын өткізудің жоспарын жасады.

Үстіміздегі жылы қала мектептерінде оқушыларға еңбек тәрбиесін беру едәуір жақсы жүргізілді. Көптеген мектептерде техникалық үйірмелер, жас техниктердің облыстық станциясы жұмыс істей бастады. Оларға жүздеген оқушылар тартылды. Каникул күндерінде оқушылар өз жұмыстарына алғашқы қорытындылар шығарып, өзара пікір алысады. Сол сияқты оқушылар ауыл шаруашылығы тақырыбына арналған лекциялар тыңдайды.

Каникул күндерінде қала мектептері мен Пионерлер үйіндегі көркемөнерпаздар үйірмесінің байқауы өткізіледі. Байқауға Пионерлер үйінің коллективі «Ер жүректер звеносы» пьесасын, көптеген көркемөнерпаздар «Словацкий», «Шла девичья за водой», «Жас қытай қыздарының биі» билері мен көптеген жаңа өңдер әзірлеуде. Мектептер көркемөнерпаздарының репертуары да әртүрлі. Балалар кітапханасы Верзиллиннің «Робинзонның ізімен» және Васильевның «Жұлдыз» атты кітаптары бойынша кітап оқушылар конференцияларын өткізеді. Ал 4-5 класс оқушылары үшін А. Гайдардың творчес-

твасына арналған әдеби ертеңгілік ұйымдастырылатын болады. Кітап оқушылар конференциялары мен әдеби кештер ұйымдастыруға қаланың басқа мектептерінде де өзіндіктер жүргізілуде. Әресе оқушылар үшін өткізілетін балалар кітаптарының апталығы қызықты болмақ.

Бұл күндерде спорт үйірмелеріндегі жұмыстар қызу жүргізілетін болады. Қала мектептерінде шахматтың және дойбының классификациялық жарыстары, ГТО комплексінің кейбір нормаларын тапсыру ұйымдастырылады. Оқушылар кинотеатрлар мен клубтарда «Евросос», «Корабль командирі», «Теңіз аңшысы», «Партизан балалары», «Ерлік мектебі», «Запастағы ойыншы» және басқа картиналарды ұйымдастырған түрде көретін болады. Әрбір киносеанстардың алдында лекциялар оқылып, көркемөнерпаздар күшімен концерттер беріледі.

Оқушылардың көктемгі каникулды тек демалыс үшін ғана емес, сонымен бірге өткен сабақтарды қайталауға да пайдаланатындығы белгілі. Сондықтан мектептердегі физика, химия кабинеттері мен лабораториялар үнемі жұмыс істеп, оқушылардың өткен материалдарды қайталауына толық жағдай тугызылды. Ал Пионерлер үйінде 8-10 класс оқушылары үшін № 7 орта мектептің оқытушылары Гопман және Кальнин жолдастар «Орыстың ұлы саяхатшылары мен географтары» және «Атом қуаты» деген тақырыптарда лекциялар оқыды. Көзір бұл жұмыстарды ойдағыдай ұйымдастыру үшін комсомол және пионер активтері қызу әзірлік жүргізуде.

Р. КАЛИБЕРДА,

Қалалық Пионерлер үйінің директоры.

## Студенттер практикасы

Қаланың Б. Д. Ушинский атындағы мұғалімдер институтының екінші курс студенттерінің бір тобы қаладағы № 5 қазақ орта мектебінде практикада болды. Олар институттың методик оқытушылары Н. Омаров, Ж. Дженова жолдастардың басшылығымен өздерінің теориялық білімдерін практика жүзінде қолдануға жағатығын, көптеген методикалық түсініктер алды. Алғашқы кезде сабақ беру қыйынға соққан Ж. Сүлейменов, К. Те-

менбаева, О. Қазжанов, Е. Ахметов сияқты студенттер мектеп оқытушылары Ғ. Ақбаев, Ш. Құсайынов және Қ. Қалиев жолдастардың көмектесуінің нәтижесінде сабақ беру әдістерін жақсы меңгеріп қалғандықтарын көрсетті. Сол сияқты студенттер пионер ұйымының жұмысымен де танысты.

М. ӘЛИЕВ,  
Қ. НЫҒЫМЕТОВ.

## ҮЛГІЛІ КЛУБ

Явленка совхозының бөлімшесіндегі клубқа көркемөнерпаздар үйірмесі үнемі жұмыс істейді. Өртүрлі мамандықтың адамдары Ф. Аремин, А. Дробыш, Т. Валькова, Н. Ахаткина, М. Салықжанова және басқалары клуб жұмысінде

Клуб жанында лекторлар тобы жұмыс істейді. Лекторлар саяси, шаруашылық, мәдени және халықаралық тақырыптарда лекциялар оқып, баяндамалар жасап отырады. Мәселен, Оразымбетов жолдас

Шеремет, уста Зубовский, слесарь Пушкинов, Кижнер жолдастар еменалық аспаптарын үнемі біржарым-екі есе асыра орындап, еңбектің үлгісін көрсетті.

Совхоз алдағы көктемде 250 гектар картоп, 750 гектар жүгері егеді. Бұл дақылдар негізінен шаршы-ұялы әдіспен отырғызылатын болады. Кәзір коллектив жүгеріні, картопты шаршы-ұялап отырғызудың агротехникасын үйренуде.

Совхозда жүгері тұқымын тасу қызу қолға алынған. Кәзірдің өзінде қажетті жүгері тұқымның көпшілігі тасығып болды. Тасыған тұқым негізінен Ставрополь әлкесінен әкелінген «Днепропетровский» сортты тұқымдар. Коллектив тұқым тасумен бірге басқа да әзірлік жұмыстарын, соның ішінде егіс алаңдарына қарсуын бөгеу жұмыстарына әзірлікті қызу жүргізіп келеді.

3. ҚАЛИЕВ.

участоктерінің егінін жыйнау жұмысын ұзаққа созылды, жауынға тиді. Сондықтан бірқатар тұқым қоймаға дымқып күйінде үйілді. Міндет—мұндай тұқымдарды кептіру және тазалау жұмыстарын игуыл жүзеге асыруда еді. Бірақ колхоз басшылары астықты сақтау ісіне бақылауды нашарлатты.

Мәселен, жоғарыда айтылған себептермен «Борьба за коммунизм» колхозында

## Мамандардың жаңа тобы

Петропавл ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесінде кәзір қорытынды сабақтар өтіп, емтихан жүргізіліп жатыр. Трактор бригадаларының бригадирлерін даярлайтын екі труппаның тыңдаушылары емтихан тапсыруда. Мұнда емтихан 1 апрельге дейін аяқталады. Алғашқы өткен емтихандар болашақ

және шіндегі шаруашылықтың даму дәрежесінің көрсеткіші. Бұл маңызды жұмысқа мән бермеушілік басшылардың ертенін ойламайтындығын көрсетеді.

МТС және колхоз басшылары көктемгі егіске әзірлік ісінің қарқынын мейлінше күшейтіп, әрбір колхоздың тезарада жоғары сапалы тұқыммен жабықталуын қамтамасыз етуге тиіс. Бүгінгі күннің міндеті осыны талап етеді.

В. ЗИНОВЬЕВ.

мамандардың терең білім алғанын байқатты.

Енді аз күннен кейін училищені 200 маман бітіріп шығары. Олар облысымыздың тың игеретін колхоз, совхоздарына жіберіледі.

А. КВАСНЫХ.

костарын, вагоншаларды әзірлеу жұмыстары да қолға алынбай келеді.

Көктемгі егіске әзірліктегі мұндай кемшіліктерден арылатын уақыт жетті. Сондықтан Чапшев атындағы колхоздың басшылары жайбарақаттықпен шырмауына шығулары көзек. Егіске әзірлік жұмыстарына нақтылы басшылық жасап, орын алып келген кемшіліктерді дереу жоюдың шараларын жүзеге асырулары қажет.

Б. ЖАҚЫПОВ,  
(63 тілшіміз).

## Ауылшаруашылық машиналары

Преснов ауданының «Баян», «Сталин жолы», Ворошилов атындағы колхоздары ауылшаруашылық машиналарын сатып алды. Оның ішінде астық ұшыратын, оны кептіретін машиналар да бар.

Ә. МЫРЗАХМЕТОВ.

В. Стаценко жолдастың басқаруымен жақын арада ғана совхоз еңбекшілеріне 3 рет қызықты концерт қойып берді.

## Сауық кеші

Ленин орта мектебі (Октябрь ауданы) оқушыларының көркемөнерпаздар үйірмелерінің мүшелері қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы Ж. Мұқанов жолдастың басшылығымен колхозшылар үшін «Ана ардақты, бала бақыты» деген тақырыпта концерт көрсетті.

революциясы» деген тақырыпта лекция оқыды.

Ә. ҮСЕНОВ.

Колхозшылар мазмұнды әрі көркем концерттері үшін оқушыларға алғыс айты.

А. ӘЛТИЕВ,  
Т. ҚАЗИЕВ,  
Б. ЕСҚАҚОВ.

## Ақынмен кездесу

Жуырда Ленин ауданындағы Явленка жетіжылдық мектебінің оқушылары ақын Леснид Скалковскиймен кездесті. Ол оқушыларға өзінің «Әрқашан қатарда», «Қарлығаштың ұясы», «Запастағы офицер», «Балалықты қорғайық» атты өлеңдерін оқыды. Сол сыяқты ол оқушылар

дың сұрақтарына жауап берді.

Ақын Скалковскийдің оқушылармен кездесуі қызықты өтті. Ақын таяудағы күндерде ауданның басқа да ауыл селоларында оқушылармен кездесіп.

А. УСАЧЕВ.

Дүниені қайта құру күресінде Маркс озат философиялық, революциялық теорияға орасан зор роль жүктеді. «Сын қаруы, — деп атап көрсетті ол, — әрине, қарумен сынаудың қызметін атқара алмайды, материалдық күш сондай материалдық күшпен құлатылуға тиіс; бірақ, бұқараны меңгеріп алысымен теория да материалдық күшке айналады» (422-бет). Өзінің қоғамдағы жағдайына сәйкес революциялық теорияның иесі болуға тиісті тап — пролетариат «Философияның пролетариаттан өзінің материалдық қаруын табатыны сыяқты пролетариат та философиядан өзінің рухани қаруын табады...» (428-бет).

Сонымен, «Немістік-француздық жылма-жылдық жыйнақта» басылған еңбектерде марксизмнің философияда жасаған төңкерісі көріне бастады. Маркс бұл еңбектерінде дара-ойшыл емес, өзінің теориялық қызметін пролетариаттың азаттық күресімен байланыстыруға тырысатын революцияшыл көсем болып майданға шықты.

Маркс пен Энгельстің кейінгі еңбектерінде дамытылып, терең ғылыми дәлелденген, пролетариаттың революциялық, бүкіл дүниежүзілік-тарихи ролі туралы идея ғылыми коммунизмнің ірге тасы болды. «Маркстің іліміндегі басты нәрсе, — деп көрсетті Ленин, — бұл—социалистік қоғамның жасаушысы ретіндегі пролетариаттың бүкіл дүниежүзілік-тарихи ролін анықтағандық».

2.

Маркс өзінің барлық күшін, өзінің дауалылығының барлық қуатын пролетариатқа қызмет етуге арнады. Бұл ардақты істе ол өзіне айнымайтын дос және серік—Фридрих Энгельсті тапты. Ф. Энгельс те өз жолымен материализмге және коммунизмге келді.

Ф. Энгельстің «Вушпертальдан хаттар»

деген алғашқы публицистикалық мақаласының өзі бұл он тоғыз жастағы жасөспірімнің қарапайым адамдар — жұмысшылар мен қолөнершілердің өмірі мен еңбегіне ерекше көңіл бөлгенін, олардың көрген азабы мен қайғы-қасіретіне шын ниетімен ортақтасқанын көрсетеді. Маркс сыяқты, Энгельс те өзінің еңбектерінде революцияшыл демократ ретінде Германиядағы реакциялық тәртіптерге қарсы шықты.

Энгельстің материализмге және коммунизмге бет бұруы 1842 жылғы ноябрьде Англияға барғаннан кейін бұл елде жазған алғашқы мақалаларының өзінде көрінді. Англияға келгеннен кейін көп ұзамай Энгельс бұл елдегі саяси күрестің мәнісін тамаша көрегендікпен түсініп, ағылшын партияларының таптық сипатын аша білді. Ол терістерді — жер иеленуші аристократияның партиясы деп, вигтерді — фабриканттар мен күнестердің өкілдері деп, ақыр-аяғында, чартистерді — өздерінің принципіне ағылшын жұмысшыларының «коллективтік сана-сын білдіретін» партия деп сыйпаттады. Ағылшын тұрмысының, ағылшын жұмысшы қозғалысының тәжірибесі бойынша Энгельс: пролетариат қоғамның ең озат, ең революцияшыл табы болып табылады деген қорытындыға келді.

Энгельс чартистердің қызметін, олардың митингтері мен жыйналыстарын зор тілектестікпен суреттеді, бұл митингтер мен жыйналыстарға өзі де жиі-жиі қатысып жүрді. Мұнымен бірге ол революцияны «заңды» жолмен жүзеге асыруды көздейтін чартистік идеяны сынап, бұл идеяның өзі қайшылық екенін, оны практикада жүзеге асыру мүмкін емес екенін көрсетті.

Энгельс әртүрлі елдердің социалистері арасында туысқандық қатынас, олар арасында бірлік орнатуды ең маңызды міндеттердің бірі деп есептеді. Бұл мақсат-

пен Энгельс ағылшын жұмысшыларын Франциядағы, Германиядағы және Швейцариядағы қозғалыспен, Сен-Симонның, Фурьернің, Кабаннің, Лерудың, Прудонның, Вейтлингтің көзқарастарымен таныстырды. Мұнымен бірге ол Кант, Фихте және Шеллинг туралы, Гегельдің системасы туралы қысқаша баяндады.

Француздың утопиялық социализмі, сол сыяқты немістің классицистік философиясы өкілдерінің көзқарастарын сыйпаттай келіп, Энгельс олардың әлсіз жақтары және кемшіліктерін сынаумен қатар, олардың әрқайсысының дүниежүзілік мәдениет қазынасына қосқан пайдасы үлестерін де көрсетті.

Англияда болған кезінде Энгельс ағылшынның саяси экономиясын құнттап зерттеді. Егер Маркс материализмге және коммунизмге жол аша отырып, гегельдік идеалистік философияны сынауға орасан көңіл бөлген болса, Энгельс негізінде буржуазиялық саяси экономияны сынады.

Энгельстің «Немістік-француздық жылма-жылдық жыйнақта» жарияланған «Саяси экономия сынының нобайы» деген еңбегі әлі ер жеткен марксизмнің шығармасы болмаса да, дегенмен бұл еңбекте данышпандық идеялардың бастамалары болды. Маркс кейіннен де Энгельстің бұл еңбегін данышпандық нобай деп атады.

Бұл шығармасында Энгельс буржуазиялық саяси экономияны демек капитализмді алғаш рет пролетариат тұрғысынан сынады. Капитализмнің экономикалық заңдарын — мәңгілік және өзгермейтін заңдар деп таныған буржуазиялық экономистерге қарама-қарсы көзқарастағы Энгельс, Лениннің айтқанындай, «жеке меншік үстемдігінің қажеттілікпен туатын нәтижелер ретіндегі осы күнгі экономикалық тәртіптің негізгі қуылыстарын социализм тұрғысынан алып қарады»,

Буржуазиялық экономистерді, оның ішінде, буржуазияның құлқыншылық мүдделерін өкілдік, бояма адамгершілік жел сөздермен бүркеген либералдық саяси экономия өкілдерін сынап отырып, Энгельс «экономистер біздің заманымызға неғұрлым жақын болған сайын, олар адалдықтан солғұрлым алыстай түседі» (547-бет) деген қорытындыға келді. Буржуазиялық саяси экономияның кейінгі тарихы Энгельстің бұл қорытындысын толық дәлелдеді.

Халықтың өзіне тән көбейе беру тенденциясы әрдайым оның қарамағындағы өмір сүру құрал-жабдықтарынан озып отырады-мыс деген Мальтусің реакциялық, адамды әлек көрушілік «теориясын» Энгельс ерекше күшпен қатты айыптады. Энгельс «бұл арамздық, сұрқиялық доктринаны, табиғатқа және адамзатқа қарсы бұл жекеурын опасыздықты» (565-бет) ызаланғандықпен әшкереледі. Ол адамзаттың қарамағындағы өндіргіш күштердің шексіздігін, ғылым табиғатты адамдарға барған сайын, күн санап бағындырып отырғанын көрсететін дәлелдер келтірді. Тек қана бұл өндіргіш күшті саналылықпен және барлық жұрттың мүддесіне пайдалану қажет. Жеке меншіктің үстемдігі болмайтын, демек халықтың бір жағы қайыршылықта, екінші жағы ысырапқорлық байлықта өмір сүруі болмайтын қоғамда ғана жұмыс жүзеге асыруға болады.

Энгельстің экономикалық еңбегімен қатар «Немістік-француздық жылма-жылдық жыйнақта» оның өзі ойластырған «Англияның жағдайы» сериясының бірінші мақаласы жарияланды. Томас Карлейльдің «Өткендегі және кәзіргі» деген кітабына арналған бұл мақаласында Энгельс авторды оның жаңа дін, «келешектің діні» — еңбек культін жасауға әрекеттенгені үшін сынады. Энгельс Карлейльдің философия-

лық көзқарастарын да — оның насихаттаған «перойлар культін», «шын аристократия» үстемдігін материализм тұрғысынан сынады.

«Англияның жағдайы» сериясынан, Париждың немістік «Форверте!» газетінде жарияланған кейінгі екі мақаласында Энгельс машинаның ойлап шығарылуына және ірі капиталистік өнеркәсіптің пайда болуына байланысты Англияда болған өзгерістерге талдау жасай отырып, өнеркәсіптік революцияның жасалуы себепті пролетариаттың құрылуы Англия үшін он сегізінші ғасырдың ең маңызды нәтижесі болды деген қорытындыға келген.

Англияның саяси құрылысын, ағылшын конституциясын сөз қыла келіп, Энгельс: «Англияда шынында кім билеп-төстеп отыр?» деген сұрақ қояды да, оған: «Меншік билеп-төстеп отыр» (626-бет) деп жауап қайғарады. «Брігі» Англияда заңның қалай қолданылатынын сыйпаттау үшін Энгельс көптен бері мақала айналған: «заң кедейге қысым жасайды, ал байлар заңды билеп-төстейді», «кедей үшін бір заң, бай үшін басқа заң» (640-бет) дейтін ағылшын нақылдарын келтіреді. Ағылшын конституциясының таптық сипатын, дәріптеліп жүрген ағылшын «бостандықтарының» тар өрістілігін ашып көрсетіп, Энгельс, пролетариаттың буржуазияға және жеке меншікке қарсы азаматтық күресі нәтижесінде туатын шын демократияны оның бәріне қарсы қояды. Ал, бұл демократияның принципі, деп жазады Энгельс, социализм принципі болады.

\* \* \*

К. Маркс пен Ф. Энгельстің бірінші томға енгізілген ерте кездегі шығармалары — олардың жаңа революциялық-материалистік дүниеге көзқарасы бұқараның күрес тәжірибесін қорытудан және барлық елдердің озат ғылыми ойын сын

Е. СТЕПАНОВА.  
(«Правда»)

**ССРО Жоғарғы Советі делегациясының Польшада болуымен байланысты қабылдау**

ВАРШАВА, 19 март. (СОТА). Кеше Поляк Халық Республикасы мемлекеттік советінің председателі Александр Завадский ССРО Жоғарғы Советі Одақ Советінің председателі А. П. Волков бастаған ССРО Жоғарғы Советі делегациясының Польшада болуымен байланысты қабылдау ұйымдастырды.

Қабылдауда Польшаның бірқатар жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Болеслав Берут, Министрлер Советінің Председателі Юзеф Циранкевич, Польшаның маршалы К. Рокоссовский, ПЖП Орталық Комитеті саяси бюросының мүшелері, Поляк Халық Республикасының мемлекеттік советі мен үкіметінің мүшелері, сеймнің маршалы Ян Дембовский, поляк сеймінің депутаттары, ғылым, мәдениет және искусство қайраткерлері, өндіріс озаттары, жұртшылық өкілдері болды.

Қабылдауда сонымен қатар ССРО-ның Польшадағы Елшісі Н. А. Михайлов, бірқатар елдердің Варшавада тіркелген елшіліктері мен миссияларының басшылары да болды.

**Совет фильмі Халебте (Сирия) табыспен көрсетілуде**

ХАЛЕБ. (Алеппо), 20 март. (СОТА). Кеше Халебте, Сирия университетінің инженерлік факультетінің конференция залында университет дирекциясының өткізілі бойынша ССРО-ның Сириядағы миссиясы советтік документті «Волга-Дон» фильмін жұртшылыққа көрсетуді ұйымдастырды. Фильмді көруге факультеттің барлық профессорлары мен студенттері, сонымен қатар қаланың техникалық интеллигенциясының көптеген өкілдері келді. Жыйналғандар фильмді бар ықпалымен көрген, фильм оларға орасан зор әсер етті.

Фильм көру аяқталғаннан кейін факультеттің деканы, техникалық ғылымның докторы профессор Хейр Эд-Дин Хаки факультеттің атынан совет миссиясының өкілдеріне бұл фильмді көрсетуді ұйымдастырғаны үшін қызу алғыс айтты.

«Біз осы тамаша фильмді аса шаттықпен көрдік, — деді доктор Хаки, — бұл фильмде адамның игілігін көздеген совет халқының орасан зор жұмыстары көрсетілген». Жыйналғандардың бәрі бұл сөздерге ду қолшанапалақтады.

**Батыс Ютландияда бейбітшілікті**

**„Қытайдың халықаралық сауданы дамытуына АҚШ бөгет бола алмайды“**

„Женьминьжибао“ газеті шолушысының мақаласы

ПЕКИН, 19 март. (СОТА). «Женьминьжибао» газетінің шолушысы Гао Цзи «Қытайдың халықаралық сауданы дамытуына АҚШ бөгет бола алмайды» деген мақалада бүгін былай деп жазған: финдік «Аруба» танкерінің Қытайға келуіне жол бермеу үшін Құрама Штаттар барлық шараларды қолдануда. Финляндиядағы америка Елшісі Макфолдтың (Аруба) танкерінің Қытайға келуіне жол бермеу мақсатымен Финляндияның сыртқы істер министрлігіне көздің өзінде бірнеше рет талап қойғанын АҚШ мемлекеттік департаменті жасырып отырған жоқ. Міне, бұл факті бірқалыпты халықаралық сауданы және теңізде жүзу еркіндігін бұзғандық үшін айыптың толғымын Құрама Штаттар үкіметіне жүктелетінін көрсетеді. АҚШ үкіметінің мұндай қорықу дұшпандық әрекеті қытай халқы тарапынан заңды және ашулы-ыза тудыруда.

АҚШ-тың заңсыз әрекеттері, деп көрсеткен шолушы, халықаралық праволары ережелерін бұзуға, Қызыр Шығыстың ашық теңіздерінде еркін жүзу хауісіздігіне қатер төндіруде, сөйтіп, барлық елдердің сауда мүдделеріне нұқсан келтіруде. «Аруба» танкерімен болып отырған бұл оқиға, делінген мақалада, Қытай Халық Республикасы жөніндегі қоршау және тыйым салу саясатын күшейтуге тырысқан АҚШ-тың толып жатқан әрекеттерінің бір буыны ғана болып табылады. Бірақ бұл әрекеттер өзінің мақсатына жете алмайды. Қоршау және тыйым салу жөніндегі америка саясаты Қытайдың экономикалық құрылысына әсер етпегенін, ол тек Қытаймен дәстүрлі сауда байланыстары болып келген елдердің ғана экономикасына нұқсан келтіргенін өткен жылдар айқын көрсетті.

**Пианистердің Варшавада өткізілген Шопен атындағы халықаралық бесінші конкурсының нәтижелері**

ВАРШАВА, 19 март. (СОТА). Поляк баспасөз агенттігі былай деп хабарлайды: Пианистердің Варшавада өткізілген Шопен атындағы халықаралық бесінші конкурсының жюриі конкурстың нәтижелерін жариялады. Мына пианистер лауреат атақтарын алды: бірінші сыйлықты Адам Харасевич (Польша), екінші сыйлықты Владимир Ашкенази (ССРО), үшінші сыйлықты Фу Чун (Қытай), төртінші сыйлықты Бернар Рагессан (Франция), бесінші сыйлықты Наум Штаркман (ССРО), алтыншы сыйлықты Дмитрий Папорно (ССРО), жетінші сыйлықты Лидия Грыхтол (Польша), сегізінші сыйлықты Анджей Чайковский (Польша), тоғызыншы сыйлықты Дмитрий Сахаров (ССРО), оныншы сыйлықты Киоко Танака (Жапония) алды. Мазуркаларды жақсы орындағаны үшін сыйлық Фу Чунға (Қытай) берілді.

Мұның үстіне жюри конкурстың мына қатысушыларына: Нина Лельюкже (ССРО), Милош Магинге (Польша), Шегер Франкльге (Венгрия), Ирика Сиятоваға (ССРО), Едвин Коваликже (Польша), Аннероза Шмидтке (ГДР), Станислав Кюрга (Чехословакия), Эми Бехарға (Болгария), Тамаш Вапарига (Венгрия), Маник Дюфильге (Франция) ынталандыру ретінде он сыйлық берді.

Конкурстың жюриі сонымен қатар конкурстың алты қатысушысына кейбір шығармаларды жақсы орындағаны үшін сыйлықтар берді. Сыйлық алғандар: Оскар Гаситуа (Чили), Тадеуш Кернер (Польша), Малине Периз (Цейлон), Джузеппе Пестильовэ (Италия), Манфред Рейте (Герман Федералдық республикасы), Имре Шендрей (Венгрия).

**Батыс Германияны қаруландыруға және атом қаруымен қарулануға қарсы**

лондондағы митингі

ЛОНДОН, 21 март. (СОТА). Лондондағы Трафальгар-скверінде 20 мартта сүтелі бомбасына тыйым салу және Батыс Германияны қаруландыру жоспарынан бас тарту күресінің ұранымен бейбітшілікті қорғаудың ағылшындық комитеті ұйымдастырған митингі болды. Митингіге бір-

ру-жарақты шығаруға тыйым салу және барлық қару-жарақты шұғыл азайту жөнінде келісімге келу.

2. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін тоқтаусыз түрде төрт державаның келіссөздерін өткізу. Егер Құрама Штаттар бұл келіссөздерге қатысудан бас тар-

**Фридрих Жолио Кюридің мерекесі**

ПАРИЖ 19 март. (СОТА). Аса көрнекті француз ғалымы және қоғам қайраткері, дүниәжүзілік Бейбітшілік Советінің председателі Фридрих Жолио Кюридің туғанына 55 жыл толуын Францияның прогресшіл жұртшылығы атап гуде. «Юманите» газетінде француз Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Жолио Кюриге жолдаған құтқушының тексті жарияланды.

**Париж Коммунасының 84 жылдығына арналған митинг**

ПАРИЖ, 19 март. (СОТА). Кеше мұнда Париж Коммунасының 84 жылдығына арналған бұқаралық митинг болды. Француз Коммунистік партиясының, жалпы еңбек конференциясының, француз әйелдері одағының және басқа демократияшыл ұйымдардың басшылары митингтің президиумына келгенде, жыйналғандар оларды жылы шыраймен қарсы алды. Француз жұмысшы қозғалысының ең қарт қайраткері Марсен Кашеннің кіріспе сөзінен кейін Француз Коммунистік партиясының Орталық Комитеті саяси бюросының мүшесі Вальдек Роше сөз сөйледі.

**БҰҰ-ның қарусыздандыру жөніндегі комиссиясының көкеміші комитетінің мәжілісі**

ЛОНДОН, 19 март. (СОТА). Жарияланған ресми мазмұндамаға қарағанда, кеше БҰҰ-ның қарусыздандыру жөніндегі комиссиясының Көкеміші комитетінің мәжілісі француз өкілі Жюль Моктың председателдік етуімен өткен.

Мәлісі мәжіліс 22 мартқа тағайындалған.

**ХАТОЯМА ЖАПОНИЯНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ БОЛЫП САЙЛАНҒАН**

ШАНХАЙ, 18 март. (СОТА). Жапониядан алынған хабарларға қарағанда, бүгін Токиода жаңа кабинеттің премьер-министрі және төменгі палатасының председателі мен вице-председателін сайлау үшін жапон парламентінің сессиясы ашылған. Сессия сыртқы саясат мәселелерін және таяудағы екі айға арналған бюджетті талқылайтын көрінеді.

Бүгінгі мәжілісте төменгі палата демократиялық партияның басшысы Нициро Хатояманы жаңа кабинеттің премьері етіп сайлаған. Хатояманы жақтап 250 дауыс, Мосабуро Судзукиді (социалистік партияның кандидатын) жақтап 160 дауыс берілген.

Төменгі палатаның председателі болып Судзи Масутани (либералдық партия),



СУРЕТТЕ: шахтерлер ансамблінің бір топ артистері. Алдыңғы қатарда (солдан оңға қарай) Л. Бертовский, Владимир Варначев, Валентин Варначев және Т. Сно-Гаро, Екінші қатарда Л. Стрелис, Р. Құрбанова, Л. Хажымұратова, Н. Труханова, И. Шмидт, М. Медведев және К. Ешімов. Суретті түсірген А. Розенштейн.

**ҚЫЗЫҚТЫ КОНЦЕРТ**

Қарағанды шахтерлерінің эстрадалық оркестрі бұрнағы күні драма театрында өзінің бірінші концертін қойып берді. Өткен жылғы октябрь айында ғана ұйымдастырылған бұл коллектив өзінің жастығына қарамастан творчестволық жолда үздіксіз өсіп келе жатқандығымен қала жұртшылығын қатты қуантты.

Концертте негізгі орын оркестрге берілген. Бірақ концерт көлемі тек мұнымен ғана шектеліп қалмай, әржақты, саналуан жанрларды қамтыды. ССРО халықтары мен халықтық демократия елдерінің әндері, қазақ және испан билері, музыкалы фельетон, жонглерлік, пародиялық, тағы басқа да көптеген нөмірлер орындалды.

Оркестр өмірінде оның көркемдік жағын басқарушы, дирижер Л. Бертовскийдің сіңірген еңбегі жұртшылыққа бірден танылады. Өртүрлі аспаптардай құралған көлемді оркестр қай бір шығарманы болсын орындағанда өзінің өсу жолындағы творчестволық коллектив екендігін аңғартты. Мұның өзі қысқа мерзім ішінде оркестр коллективі мүшелерінің бірін бірі жақсы ұғынып, жете түсініскен, өз міндеттерін орындауға аса жауаптылықпен қарайтындықтарын аңғартса, сонымен бірге Бертовскийдің шебер ұйымдастырушы, іскер басқарушы екендігін дәлелдейді. Оркестр басқа шығармалармен бірге, әсерге Затаевичтің «Қазақ маршы», А. Хачатуряның «Семсермен бін» және молдаваның халық әндерін біркелкі тәуір, тыңдаушыға жеткізе орындады.

Біз Гвоздиктің (Валентин Варначев) өнерін ерекше атап айтуымыз керек. Бүгінгі концертте өнерінің қазіргі кезеңіне

Баянда шебер ойнайтын артистің қажетті жерінде бірде жоғары көтеріліп, бірде жайлап төмен түсетін әдемі қоңыр дауысы жүрекке жылы да, көңілге жайлы. Біздің арамызда әлі де орын алып отырған, бірақ шұғыл жоюды қажет ететін кейбір келіссіз жайларды өлтіре сықақтайтын өткір, тартымды, зілді, сықақты сөздер ойын көрушілерді шын көңілмен күлдіреді.

Сол сыяқты жас биші Л. Хажымұратова, жонглер М. Медведев, әнші К. Ешімовтың да сахнаға шығуын залдағылар жылы жүзбен қарсы алып, олардың орындауындағы нөмірлерді жақсы бағалады.

Концерттің осы сыяқты жақсы, көңілге қонымды жақтарын айта келіп, ондағы жетімсіз, әлі де болса баса көңіл аударуды қажет ететін кейбір жайлар туралы да айтып өту қажет болады. Оркестрдің директоры К. Ешімов пен оның орынбасары Владимир Варначев жолдастардың кейбір жеке өн орындаушыларға талапты әлі де қатты қойып, олардың творчестволық өсуіне тереңірек қарағандары жөн болар еді. Олай дейтініміз әнші Р. Құрбанова мен Труханова жолдастардың орындауындағы әндер әрдайым келісті болып шыға бермейді. Әсерге Труханова әндерді өзінің дауыс ырғағына, дауыс күшіне, екпініне қарай үйлесімді таңдап алмай, неғұрлым жұртшылыққа белгілі, жұртшылық сүйетін әндерді орындауға құмар екендігі байқалады. Бірақ мұның өзі оншалықты сәтті шыға да бермейді. Рас, мұны айтқанда біз Труханованың әншілік өнеріне шек келтірейік деп отырғанымыз жоқ, бірақ ол өз өнерінің қазіргі кезеңіне

**КОПЕНГАГЕН, 21 март. (СОТА).** Кеше Эсбьерге (Батыс Ютландия) бейбітшілікті қорғау конференциясы ашылды. Оған елдің барлық халықтарының және барлық дерлік саяси партиялардың өкілдері болып табылатын 250 адам қатысуда.

Жоғары халық мектебінің менгерушісі Юль-Андерсен «Хауісіздік проблемасы» туралы баяндама жасады. Ол бейбітшілік өзіннен өзі қамтамасыз болмайтындығын, ол үшін күресу керектігін атап көрсетті. Баяндамашы ҚХР-дың БҰҰ-дағы заңды правосын қалпына келтіруді жақтап сөз сөйледі және жалпыға бірдей қарусыздану ғана соғысты болдырмайтындығын атап көрсетті.

Жарыссөзге шығып сөйлеушілер халықаралық шиеленісті бәсеңдету үшін күрес жүргізеулері үшін Данияның оңшыл баспасөзін сынады, барлық күштерді бейбітшілікте қорғау үшін бірігуге шақырды және Германияны ремилиитарландыруға қарсы күрес бейбітшілікті қамтамасыз ету ісіндегі толғағы жеткен міндет екендігін атап көрсетті.

Бешші мәжілісте Отто Краббенің «Әлеуметтік және мәдени салада милитарландырудың зардабы» және Дрессеннің «Атом соғысы және оның зардабы» туралы баяндамаларын тыңдады.

#### **ҮЛКЕН БЕРЛИН МАГЕСТРАТЫНЫҢ МӘЖІЛІСІ**

**БЕРЛИН, 19 март. (СОТА).** Кеше Үлкен Берлин магестратының мәжілісі болды.

Магестрат қарар қабылдап, онда былай деп атап көрсетті: жалпыгерманиялық референдум өткізуді бірлесіп жақтау туралы және бүкіл Берлин халқының пікірін сұрауға әзірлену туралы Үлкен Берлин халық өкілдігінің ұсыныстарын қабылдамай тастаған батыс Берлиннің қалалық депутаттар жыйналысының председатели Бранд пен батысберлиндік сенаттың председатели Зурдың позициясы батыс Берлин халқының көпшілігінің мүдделеріне қайшы келеді. Олардың әрекеттері, делінді мәлімдемде, немістердің өзара түсінісуге жетуіне кедергі келтіруге және Германияны бейбітшілікпен қайта қосу үшін, Бонн милитаристерінің соғыс жоспарларына қарсы бірлесіп күрес жүргізу ісіне жол бермеуге бағытталып отыр. Үлкен Берлиннің магестраты бүкіл Берлин халқының арасында пікір сұрауды және жалпыгерманиялық референдумды өткізу жайындағы өзінің ұсынысын тағы да қуаттады.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00730.

Митингіде бейбітшілікті қорғаудың арғылшындық комитеті атқомінің председатели Гордон Шаффер, белгілі ғалым профессор Дж. Бернал, Великобритания Коммунистік партиясының бас секретары Гарри Поллит, жұкшілер мен докерлердің ұлттық кәсіподағының бас секретары Ричард Баррет, Ковентри қаласы муниципальдық советінің мүшесі Эдвард Диксон және басқалары сөз сөйледі.

Митингіге қатысушылар шешендердің атом қаруына тыйым салу және Батыс Германияны қаруландыру жоспарларынан бас тарту жөніндегі талаптарын қатты қолпалалқтаумен құттықтады.

Гарри Поллит өзінің сөзінде «бейбітшілік үшін күресуші халықтардың күшімен» атом соғысын болдырмаудың қажет екендігін атап көрсетті. Поллит буржуазиялық пропаганданың Совет Одағы агрессияшыл деген жалған, жалақорлық өтіріктерін әшкереледі және атап айтқанда, Совет Одағының жаппай қырып-жоюын қаруларға тыйым салу және кәдімгі қару-жарақты жаппай қысқарту жолында талмастан баянды күрес жүргізіп отырғандығын еске салды.

Англия халқының алдында тұрған кәзіргі міндеттерді айта келіп, Поллит барлық еңбекшілердің бірыңғай қыймылының негізі ретінде мына программаны ұсынды:

«1. Атом және сутегі қаруларының барлық қолда бар запастарын жою, бұл қа-

#### **КОРЕЯДАҒЫ УАҚЫТША БІТІМ ТУРАЛЫ АМЕРИКАН ЖОСПАРЛАРЫ ЖАЙЫНДАҒЫ АҒЫЛШЫН ГАЗЕТІНІҢ ПІКІРІ**

**ЛОНДОН, 20 март. (СОТА).** «Санди таймс» гезеті өзінің Токиодағы тілшісі Хьюздің мақаласын басқан, бұл мақаладан АҚШ-тың Кореядағы уақытша бітім туралы келісімді сәтсіздікке ұшырату жоспарларын жасап жатқаны айқын көрінеді. Тайланд ауданында агрессиялық әрекеттер жасау үшін еркіндік алуға тырысып, АҚШ-тың Токиодағы жоғарғы командованиясі, тілшінің айтуынша, Кореядағы уақытша бітім туралы келісімнің негізгі статьяларын жоюды талап еткен. Маған қаншалықты мәлім болып отырғанына қарағанда, — деп жазған тілші, — бұл ұсыныстарды штаттар бастықтарының американы тобы толығымен қолдауда.

#### **ТАЙЛАНДАҒЫ СОҒЫС ӘЗІРЛІКТЕРІ**

**ПЕКИН, 18 март. (СОТА).** Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда, Тайланд үкметі быйылғы жылы армияға солдаттарды өткен жылғыдан 25 процент артық шақыруға ұйғарған. Сонымен қатар барлық мемлекет қызметшілеріне соғыс өнерін үйрету жұмысын бастау ұйғарылған.

Елдің әртүрлі бөлектерінде стратегия-

Совет Одағымен өткізу жөнінде инициатива білдіруге тиіс. Өйткені Англия мен Совет Одағы бірыңғай болса, ешқандай басқа державаның немесе державалар топтарының соғыс ашуға батылы бармайды.

3. Германияны қаруландыру жөніндегі Лондон және Париж келісімдерінен бас тарту.

4. Англиядан американдық барлық әскерлерді әкету және Англиядағы американдық базаларды жою».

Митингіге қатысушылар Англия үкметінің Англияда сутегі бомбаларын шығару және алдағы болатын қандай да болмасын ірі қайшылықтарды атом соғысына айналдыру жөніндегі шешімі Англия халқының еркін өрескел түрде бұзу болып табылады деген мазмұндағы қарар қабылдады. Қарар Англия үкметінің бұл шешімін бейбітшілікке және Англияның хауісіздігіне төнген аса зор хауіш деп бағалайды. Митингіге қатысушылар төмендегі мақсаттарды жүзеге асыру жолында үпресуге міндеттенді: «Қандай да болмасын ядролық қару-жарақты шығаруға және қолдануға тыйым салу, оның барлық заңнастарын жою; Батыс Германияға ешқандай қару-жарақ бермеу; Қытайдың ішкі ісіне ешбір араласпау; Жалпыға бірдей қарусыздану жоспарын жасау және келісімге келу жолымен талас мәселелерді реттеу мақсатында ұлы державалар арасында жедел түрде келіссөздер жүргізу.

Тілші бұдан кейін былай деп көрсеткен: Вашингтонның осыған байланысты «Кореядағы соғыс қыймылдарына американдармен бірге қатысқан БҰҰ-ның 15 елі алдында дипломатиялық қадамдар жасайтын», яғни, басқа сөзбен айтқанда, оларға тиісті қысым жасайтын ниеті бар. Американы жоспары, деп жазған тілші, мынаны көздейді: «1/ Оңтүстік Кореядағы американы әскерлеріне жаңа соғыс жарақтарын, соның ішінде атом қаруын жеткізу саласында қойылған барлық шектерді жойып, Оңтүстік Кореяның қарулы күштеріне берілетін қару-жарақ пен самолеттерді көбейту; 2/ Біріккен Ұлттар Ұйымының уақытша бітімді қалағалау жөніндегі комиссиясын тарату».

лық тас жолдар мен аэродромдар шалшаң қарқынмен салынууда, соның өзінде Солтүстік-Шығыстағы шекараға баратын қатынас жолдарына ерекше көңіл бөлінуде.

Кәзіргі уақытта елдің солтүстік-шығысы мен солтүстігіндегі шекаралық аудандарында американы әскери кеңесшілері топтарының қатысуымен Тайланд әскерлерінің соғыс маневрлері өткізілуде.

яма (оңшыл социалистік партия) сайланған. Председатель мен вице-председательдің қызметтеріне ұсынған демократиялық партиялардың кандидаттары дауыстың қажетті мөлшерін ала алмаған.

Хатояма жаңа кабинетті 19 мартта құрмақшы көрінеді.

#### **АРГЕНТИНАНЫҢ КӘСІПОДАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ТҮТҚЫНДАЛУЫ**

**БУЭНОС-АЙРЕС, 19 март. (СОТА).** Мұнда мәлім болғанындай, кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы бас Советінің Варшава сессиясынан қайтып оралған Аргентина кәсіподақтарының басшылары Педро Чиарантиді, Димонго Варонені және Гастон Редивоны полиция тұтқынға алған. Бұлардың бәрі түрмеге қамалған.

Полиция сонымен қатар Аргентинаның мал сою, ет тоңазыту кәсіпорындары жұмысшыларының тұрмысын және өз праволары жолындағы күресін баяндайтын «Тыным алмастан» дейтін кітаптың авторы—жазушы Рауль Лараны да тұтқынға алған. Лара шетелдерден корреспонденция алып таратыпты-мыс деген сылтаумен тұтқындалған.

#### **ИРАК-АҒЫЛШЫН СОҒЫС БАЗАСЫ БОЛА БЕРЕДІ**

**БЕЙРУТ, 19 март. (СОТА).** Сирияның «Алеф-ба» газетінің Нью-Йорктегі тілшісі, хабарға қанық американы топтарынан алынған мәліметтерге сүйеніп, былай деп хабарлайды: 1930 жылы жасалған кәзіргі англия-ирак договорының орнына Англия Ирак үкметімен жасаспақ болып ниеттеніп отырған жаңа келісім, Хабания мен Шайбегі соғыс базаларын ағылшындардың қарамағында қалдырады. Ағылшын әскерлері Ирактан әкетілмейді. Келісім жасасу туралы мәселе жөнінде ағылшындар мен Ирактың премьер-министрі Нури Саидтың арасында кәзірдің өзінде принципті келісімге қол жеткен.

#### **МЕКСИКАНЫҢ БҰРЫНҒЫ ПРЕЗИДЕНТІ КАРДЕНАСТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ**

**НЬЮ-ЙОРК, 19 март. (СОТА).** Мексиканың бұрынғы президенті Карденас «Импакто» журналына жасаған мәлімдемесінде былай деген: Қытай Халық Республикасының «өз аралдарын азат етуге және өз территориясы үшін автономияны жеңіп алуға правосы бар. Біздің де дәл осындай право алғмыз келеді» деп мәлімдеген. Карденас атом бомбасын қолдануға қарсы шыққан. «Ашық қалаларға қарсы атом бомбасын жұмсайтын ел, — деп мәлімдеген ол, — ізгі ниетті адамдарды жақтаушы ретінде қыймыл жасау правосынан айрылады».

дердің, пародияның шебері, клоун-жонглер, акробат өнерлерін менгерген адам. Сонымен бірге әртүрлі аңдар мен құстардың дауысын да аудырмай сала біледі. Оның әрбір қыймылы, әрбір сөзі артистің шығын талантын аңғартқандай.

Оркестрдің режиссері Владимир Варначевтің өнері де көруші жұртшылыққа ойдағыдай әсер етеді. Ол музыкалы фелетон, достық әзіл, шумақты әндерді келістіре, тартымды орындайды.

жұртшылыққа жеткізе, келісті орындай алатын әндерді таңдап алуына кеңес берер едік.

Жалпы алғанда концерт табыспен өтіп қала жұртшылығына көңілді әсер қалдырды. Жас коллективтің табысқа жете беру жолында бұдан былай да үзбей талаптанып, талмай ізденуіне тілектеспіз.

**Е. МЫРЗАХМЕТОВ.**

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«Ударник» кинотеатрында

«Октябрь» кинотеатрында

«СУЫҚ ТЕҢІЗ»

«ШОШҚА КҮТУШІ МЕН МАЛШЫ»

Сеанстар сағат 5, 6-50, 8-40 және 10-30-да басталады.

Сеанстар кешкі сағат 5, 7, 9 және 11-де басталады.

**ССРО ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТҮДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМЫНА (1953 ЖЫЛ ШЫҒУЫ) ЖАЗЫЛУШЫЛАРДЫҢ ЕСІНЕ**

ССРО халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік заемін (1953 жыл шығуы) тарату шарттарына сәйкес бұл заемнің облигацияларын иелеріне табыс ету мерзімі 1955 жылғы 31 мартта аяқталады.

Облигацияларын деркезінде алмағандар облигацияларын өздері заемға жазылған жерлеріндегі орталық жыйнақ кассаларынан алулары керек.

Облигацияларын алу үшін заемға жазылушылардың қолында төлеген заем жарналарының сомасы туралы кәсіпорынан немесе мекемеден алған анықтамасы, ал заемға жазылушы шаруалардың қолында № 52 үлгі болуға тиіс.

1955 жылғы 1 апрельден кейін заемға жазылушылар бұл заемнің облигацияларын алу правосынан айрылады.

ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемінің (1953 жыл шығуы) 3-тиражы 1955 жылғы 20 мартта, Қостанай қаласында өткізіледі.

**Облыстық жыйнақ кассалары басқармасы.**

Петропавл қалалық өндіріс комбинаты (Ойқала) барлық колхоздардан, совхоздар мен жеке адамдардан май ағызу үшін қанша болса да майлы дақылдардың әртүрлі сорттарын қабылдайды. Ағалыз алынғысымен-ақ майлы дақыл тапсырушыларға май қолма-қол беріледі. Май ағызған үшін ақы ақшалай алынады.

Сол сыяқты мұнда түпкілікті және уақытша жұмыстарға ер және әйел жұмысшылар, етік және киім тігетін мастерлер, бухгалтер керек.

«Ударник» артелі 1954 жылы жөндеуге берген сағаттарын, арифмометрлерін, жазу машиналарын, гармоньдарын 1955 жылғы 1 апрельге дейін алмаса, олар басқаларға сатылатындығын, бұл жөнінде ешқандай шағым қабылданбайтындығын заказчиктердің есіне салады.

Солтүстік Қазақстан облыстық кинопрокат облыс экрандарында «ИНДОНЕЗИЯДА» деген көркемсуретті жаңа фильм көрсете бастайды. Фильмді Қызыл Ту орденді Орталық документті фильмдер студиясы, 1954 жылы жасап шығарған.

Солтүстік Қазақстан облыстық кинопрокат облыс экрандарында «ТИГРЛЕРДІ ҮЙРЕТУШІ ӘЙЕЛ» деген көркемсуретті жаңа фильм көрсете бастайды.

Рольдерде артистер: Л. Косаткина, П. Кадочников, К. Сорокин, С. Филиппов ойнайды. Фильмді Ленин орденді «Ленфильм» киностудиясы, 1954 жылы жасап шығарған.

Солтүстік Қазақстан облыстық материалдық - техникалық жабдықтау басқармасына бухгалтер, бірінші және екінші класс шоферлары КЕРЕК.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Пролетар көшесі, 108-үй.